

# БІЛІМ ШЫҢЫ-

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста...*

## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

**МИРАЗОВА**  
Аягүл

Білім саласы бойынша  
Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері.



[WWW.BILIM-SHINI.KZ](http://WWW.BILIM-SHINI.KZ)



Республикалық  
ғылыми-әдістемелік,  
танымдық,  
мәдени-рухани  
журнал

**2015**

ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН  
БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ.

№10 (96) қазан, 2023

# БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

## БІЛІМ ШЫҢЫ- *Аңғал, қайрат, жүректі бірдей ұста*

## ҒЫЛЫМ СЫРЫ



### Журналға жазылыңыз!

Қазпошта арқылы 6 айға  
жазылу бағасы 3640тенге  
индекс:74871

Сіздерден құнды  
материалдар  
күтеміз!

Журнал лицензиясы -  
№15454-Ж (01.07.2015)  
Республикалық журнал  
+Сертификат+Грамота



Аттестацияға  
100% жарамды

8778 625 20 78  
8775 076 78 76

# БІРТҰТАС ТӘРБИЕ: Алаш азаматтарын ұлықтау айы

*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,  
бас редактор.*



«Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» деп жырлады Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны» атты өлеңінде. Осы керемет сөз қазақ халқы үшін қай кезде де құнды, қай кезде де құдіретті. Ұлтымыздың біртуар тұлғасы Әлихан Бөкейханов негізін қалаған «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық - демократиялық партиясы. 1917 жылғы 21-26 шілде аралығында Орынбор қаласында I жалпықазақ съезі өтіп, сол жиында азаттықтың жаршысы болған «Алаш» партиясын құру туралы шешім қабылданған. Тарих бойында Партияның тек бір төрағасы – Әлихан Бөкейханов. XX ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған саяси күш – Алаш қозғалысы болатын. Осы қозғалыстың басында – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Жақып Ақбаев, Бақытжан Қаратаев сияқты дүлдүлдер тұрса, солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа азаматтары – Жаһанша Досмұхамедов, Мағжан Жұмабай, Сәкен Сейфуллин, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов тағы басқалар одан әрі дамытты. 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында өткен екінші жалпықазақ съезі қазақ автономиясын жариялады, халық кеңесін сайлады, Алашорда үкіметінің төрағалығына демократиялық, баламалы жолмен Әлихан Бөкейхан сайланды. Алаш қозғалысы, ендігі жерде саяси күшке, қолында билігі бар үкіметке айналды. Бұл аз уақыт болса да империя құрсауынан шыққан халықтың өз мемлекеттілігін қалыптастыруға жасаған тарихи қадамы болатын.

Қазан айы – Қарттар күнімен басталып, Мұғалімдер күніне жалғасып, Республика күнін бүкіл ел болып қуанышпен тойлайтын мерекелер айы. Сондай-ақ бұл айда қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ

ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толады. Сондықтан да қазан айы Алаш азаматтарын ұлықтау айы болып айқындалып отыр. Қазақ халқы «Ұранымыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген сөзді ұрпақтарына өсиет етіп келеді. Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. «Алаш» атауы көбіне «Алты Алаш» ұғымымен қатар қолданылады. Бұл атау Еуразия құрлығындағы ұлы дала көшпелілерінің ұранына айналған, бүтін оғыз, қыпшақ, қарлұқ, басмыл, он-оқ түргештерінің кейінгі ұрпағы – қазақ халқының ұранына айналған. Ш.Уәлиханов зерттеулерінде «Алаш ескі дәуірдегі қазақ тайпаларының жиынтық аты» дейді. Алаш – қазақтың түп атасы, үш жүздің ұрпағы – Алаш әулеті болып саналады. Қазақ халқы ұлттың тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі Алаш түсінігіне қайта оралып, бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдар пайда болды. Ал «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына меңзейді. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бір сөзінде: «Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс. Әйтпесе, болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар» деген еді. Расында, XX ғасыр басындағы алаш қайраткерлері «өздеріне артылған жүкті» мойымай көтерді. Қазіргі кезде Қазақ Елі дамыған мемлекетке айналуы үшін ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеліп отыр. Алаш азаматтарын ұлықтап, азаматтық парызымызды абыроймен атқарайық, ардақты ұстаздар қауымы.

# ТӘРБИЕ – ТАЛ БЕСІКТЕН



**Аягүл МИРАЗОВА,**  
Білім саласы бойынша Қазақстанның Тұңғыш Еңбек Ері,  
«Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері,  
Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі,  
Алматы қаласының, Жамбыл облысының,  
Жуалы ауданының Құрметті азаматы.

қыры да ашыла береді. Ұрпақтың тәрбиесі, білімділігі – бұл еліміздің таптырмас байлығы, құндылығы. Бірақ соған саналы, сапалы түрде қол жеткізу үшін қандай мүмкіндіктерді жасауға болады, ал оның қиындықтарын қалай жеңуге болады?

Міне, осыған жете мән берген абзал. Бұл орайда аз айтылып жатқан жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осынау бағытымыздың аясында жас ұрпақ тәрбиесіне аса үлкен көңіл бөліп, ұлт болмысының сапасын арттыратын шараларды белгілеп міндеттеп беріп отыр. Солардың ішінде сапалы, тәрбиелі білім беру бірінші орында. Жастарға берілетін білім сапалы әрі тәрбиелі болу керектігін, мұнда тәрбие алдыңғы орынға шығарылуы қажеттілігі бүкіл қоғам алдында тұрған жауапкершілік.

«Біз елді түзетуді, әуелі баланы оқытуды түзетуден бастауымыз керек» деген еді А.Байтұрсынов. Ұлт ұстазының ұлағатты өсиеті қазірде өте маңызды деп ойлаймын.

«Ана тілі» газетіне (27.04.23ж.саны) шыққан «Әлімжеттік: балалар неге қатыгез болып кетті?» атты өте мағыналы, мазмұны терең мақала жарық көрді.

Осы мақалада көтерілген мәселелер «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы екенін» Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың, депутат Нартай Сарсенғалиев пен Аманжол Алтайдың, психолог Айнұр Ділдебаеваның, Райхан Маратқызының көтерген мәселелері және оны шешу жолындағы ұсыныстары өте орынды, дәлелді. Білім мен тәрбиедегі олқылықтар қоғамымызда уақыт күттірмейтін, жұмыла кірісетін мәселе екенін ашып көрсеткендері үшін ана ретінде, ұстаз ретінде алғысым шексіз екенін жеткізім келеді.

Біз қадіріне жетіп, игілікке айналдыра алмай келе жатқан тағы бір асыл қазына бар, ол – ата-бабаларымыздан жеткен ұлттық құндылықтар, дала

даналарының рухани мұрасы, өсиеттері мен тәрбиелік тағылымы.

Білім беруде тәрбиені алға шығару, мектепте тәрбие ісін жетілдіру, отбасында балалар тәрбиесін мемлекет қойып отырған заман талаптарына сай құру, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен орталарда тәрбие жұмысына жеткілікті көңіл бөлу сияқты мәселелер бүгіндері аса өзекті болып отырғаны аян. Жасыратыны жоқ, жастар арасында, соның ішінде мектеп оқушылары арасында әлімжетті, балалар құқын аяққа басу, суицид, қатыгездік, есірткіге үйір болу сияқты жат мінез-құлықтар барған сайын етек жаюда. Оларды естіп біліп, қабырғамыз қайысып, жанымызға батып отырғаны анық. Біздің байлығымыз да, барлығымыз да ұрпағымыз екендігі аян. Тәрбие жұмысында қатаң болсаң жамандық қашады, босаң болсаң аяққа басадының кері келіп отыр.

Халқымызда: «Өз айыбыңды өзгеден көрме» деген дана сөз бар. Сөйтсе де, әдетте мектеп отбасын, отбасы мұғалімдерді, мұғалімдер ақпараттық интернеттерді, газет-журналдарды, радио, теледидар арналарын кінәлайды. Әрине, бәрінің де белгілі бір кінәсі, айыптары, жетімсіздіктері бар. Бұлардың бәрі ең алдымен, кез келген жағдайда өзін-өзі дұрыс ұстауға үйретсе дейміз.

Отбасы – баланың Отаны. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді. Отбасылық дәстүрлі тәрбиенің де, отбасылық заманалық тәрбиенің де озығы бар, тозығы бар. Тектілік ұғымы иммунитеттік қорғаныш бола алады. Ата көрген епті болады, Ана көрген есті болады. Бұл – тектіліктің қазіргі түсінігі. Оған ата-бабаларының, нағашы жұртының озық үлгілерін қоссақ, отбасылық тәрбие үлгісі құралады.

Тәрбие ана сүтімен кіреді. «Балаңды беске келгенше патша тұт, бестен он беске дейін – құлдай жұмса, он бестен бастап досыңдай құрметте» деген даналық осы отбасылық тәрбиеден туған. Көргені бар – көргенін істейді, көргені жоқ – ойына келгенін істейді. Отбасында жақсылыққа ізет етіп отырса, жамандықтан түзету керек-ақ. Әсіресе, баршылықтың игілігін бала тәрбиесінде дұрыс пайдаланудың орнына бақталастық сияқты, күншілдік

сияқты, көрсеқызар сияқты жағымсыздықтарға итермелеу көбірек орын алып жатады. Тәтті өмірдің сұрауы да қатты екенін ұмытып кетеміз. «Сауысқаннан да сақ бол, жұмыртқадан да ақ бол» дейтін батаны өмір салтына айналдыру керек-ақ. Сонда баламыз тәкаппарлықтан, менмендіктен, өзіншіл эгоисттіктен, өзін басқадан артық санаудан аулақ, қарапайымдылыққа жақын кішіпейіл болады. Тәртіпке мойынсынбаушылық көбінесе осындай бардамшыл отбасылардан шығатыны өкінішті.

Отбасында баламен тіл табысып сөйлесе білу де өнер. Ата-ана осы өнерді алдымен өздері игерсе нұр үстіне нұр болар еді. Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, байқамай сөйлесең намыс-жігері өлер. Сондықтан өзің көтермейтін сөзді балаңа айтпа. Көп сөйлемей, дөп сөйлесең ізгілік етіп, балаға сіңеді, оның жақсылығын балаң көреді. Жақсы сөзді отбасылар туралы ғана емес, көршілер, баланың араласатын ортасы, мектеп, мұғалімдер туралы да айтып отыру керек. Жақсы сөз – жарым ырыс деген.

Өмір болған соң отбасында да қиыншылықтар болып жатады. Сонда баланың дұрысын қолдап, бұрысына «тек!» деп отыру абзал. Сабырға, төзімге, түсінісуге осы сынақтар кезінде ата-ана үлгісі, жүріс-тұрысы, сөзі мен тілі арқылы үйренетін болады. Сөйтіп отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық өмір тәртіптеріне, нормаларына бағына білуге дағдыланады. Ұлы Абайдың «Жүректен шыққан жылы сөз, талаптыға болсын кез» дегеніндей, тұрмыстық және мінез-құлық мәдениетіне бағыттау үшін өктемдік орнына, сырласындай сөйлесе білу – ата-ананың бірінші парызы деп ойлаймын. Сонда бала ата-анамен сөйлесуге ұмтылатын болады, жасырмайтын болады, сөйтіп суицид сияқты, әлімжеттік сияқты тажалдардан сақ болады. Ата-аналар балалардың оқу-тәрбиесіне құқылы болуымен бірге өзінің міндеттерін де орындауы шарт. Мысалы: баланы өз бетінше өзін алып жүруге үйрету, отанға, ұлттық және адамзаттық құндылықтарға, заңға құрмет рухында тәрбиелеу, баланың ар-намысына тимеу, баланың ақыл-ойының, көңіл-күйінің, денсаулығының қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету, ұлттық адамгершілікті, салт-дәстүрді меңгерту, түнгі клубтарға т.б. жібермеу, лицензиясы жоқ ұйымдарға оқу-тәрбие бойынша жібермеу, интернет, кино, мобильді телефон және т.б. дұрыс пайдалануын бақылау, қиянатшылдық, дөрекілік, экстремизм, лаңкестік, теріс діни ағымдар т.б. ықпалына түсіп қалуын болдырмау т.б.

Баланың отбасы, мектеп және т.б. оқу-тәрбиеге қатысты ұйымдармен бірге достық, жолдастық, көршілік сияқты орталарда тәртіптілікті сақтауға үйрету, зияндылықтарынан сақтандыру да керек. «Қызың өссе – қызы жақсымен, ұлың өссе – ұлы жақсымен көрші бол» дейтін нақыл бекер айтылмаса керек. Ата-аналардың, отбасындағы үлкендердің өздерінің сөздері, жүріс-тұрыстары



эрқашан баланың назарында. Жақсылықтан үлгі алуға, жамандықтан ажырата білуге дайын болуы керек. Кейбір жағдайларда балаларының шағымдануымен ата-аналар мектепке келіп, мұғалімдермен басшылармен ұрыс-талас, қол жұмсау сияқты әдепсіздіктерге барады, бұл баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына кері ықпал ететінін де ұмытпау қажет.

Жастарды ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеуде отбасының, мектептің, мұғалімнің т.б. тәрбие ұйымдарының ынтымақтастық әрекеттері, іс-шаралары, ақыл-кеңестері де едәуір маңызды. Бұл орайда олардың заңнамалық міндеттерінің болуы қажет. Солардың кейбір негізгілерін атап өтсем болады:

- оқу-тәрбие ісінде тәрбиені кейінгі қатарға ығыстырмай, тәрбиелей отырып оқыту. Мұғалімдер ұлттық тәрбиені алдыңғы орындарда жүзеге асыруға тиіс;

- сынып жетекшісі ретінде мұғалім сыныптағы әр оқушының оқу-тәрбие деңгейін, мінез-құлқын, психологиясын, күнделікті көңіл-күйін, олардың пән мұғалімдеріне қалай қарайтынын білуге міндетті;

- оқушылардың ата-анасын, үй жағдайын, баланың үйдегі мінез-құлқын да біліп отыру міндетті деп ойлаймын;

- сыныптағы оқушылардың ұжымдық әдепті, тәрбиелі болуын, олардың өзара қарым-қатынасын, ұжымдағы орынын жақсы күнделікті бақылау; өзара құрметтеу мәдениетіне қол жеткізу;

- сынып жетекшісінің, мұғалімдердің өз оқушыларына дұрыс педагогикалық-психологиялық көзқараста болуы;

- ата-аналармен жұмыста тығыз, әділ ынтымақтастық орнату. Оларға арнап дөңгелек үстелдер, жиналыстар, түрлі оқу-тәрбиелік мәдени және



спорттық шаралар ұйымдастыру т.б.;

- сыныптағы әр оқушының мектепке күліп келіп, күліп кетуі керек. Мектеп шаттық ордасы болуына күш салу қажет т.б.;

- салауатты өмір салтын оқушылар арасында насихаттау, ұстануларына ықпал ету;

- құқық бұзушылыққа оқушыларының ұшырауына немесе еріп кетуіне жол бермеу, оның алдын алуды күнделікті қарастыру;

- балаларының оқу-тәрбиедегі жетістіктері үшін отбасын мадақтау, ынталандыру шараларын жүргізу;

- сыныптағы тәрбие сағаттарын жүйелі түрде және нақты мазмұнда, өзекті тақырыптарда, оқушылардың өзіндік белсенділігімен өткізуге қол жеткізу;

- сынып оқушыларының жалпы мектептік іс-шараларына тиісінше қатысу белсенділігін арттыру және т.б.

Мектептегі ұлттық тәрбиенің жүйесі, хал-жағдайы, алатын орны білім беру саласының мемлекеттік басшылық ұйымдарына да қатысты. Осы орайда ҚР Оқу-ағарту министрлігіне ұлттық тәрбиені жолға қою үшін ұсыныс жасасам деймін.

1. Білім мазмұнын яғни стандарттарды, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды, цифрлық оқыту жүйесіндегі тәрбиелік шарттарды қайта қарастырып, ұлттық құндылықтар және басқа да тәрбиелік материалдардың олардың әрбірінде орын алуын, алға шығарылуын қамтамасыз ету;

2. 1-11 сыныптарға арнайы тәрбие сағатын аптасына 1 сағат етіп жүргізу үшін әрбір сыныпқа арналған тәрбие сағатының бағдарламасы, оқулығы, хрестоматиясы және оқу-әдістемелік тиісті құралдар дайындалуын ұйымдастыруды және сынақтан өткізіп, енгізуді қамтамасыз ету;

ҚР Оқу-ағарту министрлігіне жоғарыда көрсетілген ұсыныстар мақұлданған жағдайда педагог ғалымдарымыз түсіністік танытып, мектеп тәрбиесі үшін оқу-тәрбие бағдарламаларын, оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдар дайындауға қатысып, атсалысатынына сеніміміз

мол. Сондай-ақ мектептегі білім мазмұнында ұлттық құндылықтардың орын алуына қол жеткізіледі деп сенеміз.

Абай үш нәрсені: бірінші – надандықты, екінші – еріншіктікті, үшінші – залымдықты ең қауіпті кеселге санайды.

Иран елінің төменгідей мәтелдері бар екен: «Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін». «Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі. Бала сұлулықтан ләззат ала алмайтын мақау жанды болса бала кінәлі емес, тәрбиеші жазықты» деген.

Кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіндегі салғырттығы, жауапсыздығы бала өсе келе білінетін қиындықтарға әкеліп отыр.

Қорыта айтқанда, еліміздің даму өрісіндегі жүргізіліп жатқан өзгерістер мен бірқатар жас ұрпақ тәрбиесін жетілдіру өзектілігі туындап отыр. Әсіресе, соңғы уақыттардағы кейбір мектеп оқушылары тарапынан болған трагедиялық оқиғалар нәтижесінде жасөспірім қыздар мен ұлдардың әлімжеттікке, суицидке ұшырағаны қабырғамызды қайыстырып отыр. Бұның өзінің бір себебі мектептеріміздегі тәрбие жұмысының екінші қатарға ығысып кетуінен екеніне ешкім дау айта алмаса керек. Жаңа білім мазмұнында тәрбиелік мән жоқтың қасы. Ал әр сыныптағы тәрбие сағаты заңдастырылмаған. Ол қоғамдық түрде ғана ұйымдастырылады. Сынып бойынша тәрбие жұмысы жүйеге келтірілмеген. Осы және т.б. себептер мектептегі тәрбие жұмысын ақсатып отырғаны баршаға аян.



# БАБАЛАР ДӘСТҮРІН ЖАНДАНДЫРУ —

## БІЗДІҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

**НАУХАНОВА Назифа Иргебайқызы,**  
*№3 жалпы білім беретін мектеп директорының,*  
*тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.*  
*Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы.*



Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында біртұтас тәрбие берудің өзекті мәселелері мен оны шешу жолдары қарастырылып, 2023-2024 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылуда. Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығымен іске асырылып отырған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» үш құндылыққа бағытталды. Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап деген үш құндылықтың аясында мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, бағдарлама ұлттық құндылықтарымыз бен ұлттық мүддемізді насихаттайтын саналы да сапалы ұрпақ тәрбиелеуге негізделді.

Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында 2023 жылдың 22 қыркүйегі күні облыстық көлемде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Киелі өңірімізге іс – сапармен келген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова мектеп ұжымымен және директордың тәрбие жөніндегі орынбасарларымен кездесу өткізді. Бас қосуда 2023-2024 оқу жылында іске асырылатын білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының үрдістері қозғалды. Меруерт Медетбекова Бағдарламаның басты мақсаттары мен міндеттерін таныстырып, бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейтінін атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып, білім беру ұйымдарының бәрінде де қазақ халқының ұлттық болмысын дәріптейтін іс-шараларды нақты мақсатқа жететіндей ұйымдастыру – ұстаздар қауымының басты міндеті. Қазіргі кезде елімізде ана тілін, ата салтын, тарихын білмейтін жастар бар, басқа да көптеген мәселелер барын ескере отырып, әрбір мұғалім жанашырлық жүрекпен, үлкен жауапкершілікпен жұмыс атқаруы тиіс деп білемін. Баршамызға мәлім болғандай, біз жас ұрпақты жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтап қалу бағытында «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын» кез жетті. Осы орайда «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негіз-делген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» деп әл-Фараби айтқандай, әр ата-ана, педагог, қоғам болып, ұлттық құндылықтарымызды ел келешегі жас ұрпақты білімді де тәрбиелі, адал тұлға ретінде қалыптастыруға атсалысуымыз керек.

Мұғалім оқушының жақсы қарым-қатынасын қалыптастыра отырып, білім беру ұйымдарындағы тәрбиелік оқу мазмұнын сынып сағаттарында, іс-шараларда, сыныптан тыс жұмыстар мен қосымша білім беру ұйымдарында іске асырады.

Жалпы білім беру ұйымдарында күні бүгінге дейін де ұлттық жаңашылдыққа бастаған «Оқуға құштар мектеп», «Дебат», «Балалар және театр», «Мектептегі өзін-өзі басқару» ұйымы, «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жобалары жүзеге асырылып келеді. Осы оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» негізге ала отырып, мектебімізде сынып жетекшілерге семинарлар ұйымдастырылып, түсіндіріліп, оны іске асыруға бағыт-бағдарлар берілді. Мектепте жаңа өзгерістерді батыл енгізу бағытында көптеген игі іс-шаралар мен жұмыстар қолға алынуда. Атап айтқанда 5-8 сынып қыз балаларының қатысуымен «Айназ» шебер қолдар клубы өз жұмысын бастап кетті. Ұлттық қолөнер, оның ішінде моншақ және жіппен әшекей бұйымдарын жасауды оқушыларға үйретіп, қолөнер мен ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру мақсаты көзделді. Ол, әрине, жас жеткіншіктерге моншақты шашақтармен жұмыс жасауда түрліше композициялық шешім жасауды және әсем сәндік бұйымдар тігуді үйрете отырып, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, нәзіктікке тәрбиелейді.

Балалардың әсемдікті өз қолымен жасауға деген ықыласы артады. Моншақтап сәнді жұмыстар жасауды алған себебіміз қазіргі таңда Маңғыстау өңірінде қазақтың қолөнер әшекей бұйымдарына деген сұраныс күннен – күнге артып келеді. Жалпы бұл өнер түрінің тарихы өте әріден басталады. Онда қазақтың той дәстүрінің сәні мен салтанатын келтіретін қазақ халқының қайталанбас қолтаңбасы жатыр.

Қазіргі заманғы үйлердің интерьерлерінде шашақтардың бірнеше түрлері қолданылады. Шашақтарды терезенің екі жағына және нәрестелердің бесігіне, есік баулар, шымылдық бау, кілем баулар, той шашуларына арнайы жасауға болады. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туындыларын кешенді түрде зерттеп, олардың қоғамда алатын орнын насихаттай отырып, ата-баба дәстүрін қайта жандандыруға атсалысу – біздің басты парызымыз деп білемін.

# БОТАГӨЗДІҢ БҰЙЫМДАРЫ



Ботагөз Бейсембекова Кентау қаласының тұрғыны. Қолөнер саласында жүргеніне көп болмаса да, жасаған бұйымдары дүниежүзілік көрмелердің төрінен табылып, көптің көңілінен шығып жүр. Алматыда өткен көрмеде ісмер келіншектің моншақтан, биссерден, матадан тігілген көздің жауын алар туындылары түгел дерлік сатылып кетті.



Ботагөздің қолөнер саласында арнайы білімі болмаған. Бірақ бала кезден бар көңілін салып, ынтыға істейтін ісі осы. Архитектор маманы бола тұра, ұлттық дүниеге бет бұруы – оның жүрек қалауы.



Алты жыл бұрын қазақы нақыштағы киімдер тігіп бастайды. Кейіннен «Тігін шеберханасы» жобасымен грант алып, мемлекеттің қолдауымен кәсібін жүргізеді.



## АЛҒЫС ХАТ

Бейсембекова Ботагөз

Қазақстан Республикасының ұлттық мәдениетін дамытуға қосқан елеулі үлесі және Халықаралық қолөнершілер форумына белсене қатысқаны үшін

«Kazakhstan Tourism» ЖШС – АҚ  
Басқарма Төрағасы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ФОРУМЫ  
13-15 Қазан 2022  
Алматы, Қазақстан



Қазіргі таңда қыз ұзату, беташар, қыз жасауы секілді дәстүрлі тойларға арналған киім, ұлттық бұйымдарға тапсырып қабылдап жүр.

Ботагөздің қолынан шыққан дүниелер өз аймағында үлкен сұранысқа ие.



«Еліміздің Батыс өңірі мен Алматы, Астана қалаларында дәстүрлі киім үлгілерін күнделікті өмірде кию үрдіске айналып кетті. Оңтүстік аймақта да біртіндеп дамып келеді. Қазіргі жастар дәстүрден, ұлттық құндылықтардан алыстау. Әр киімнің жасына, қоғамдағы орнына байланысты өз ретімен киілетіндігін білсе деймін. Оқушы қыздарға білгенімді үйретіп, қолөнерге баулу үлкен армандарымның бірі», дейді ол.

## Оның арманы –

Ұлттық киімдер тек тойда ғана емес, күнделікті тұрмыста да кеңінен қолданысқа ие болса дейді. Сол үшін ыңғайлы әрі заманауи дизайнда тігілген үлгілерін көбірек тігуге тырысады.

Бетті дайындаған А. Тауқызы.

# ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ



## БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚҰРУ

*САТЫБАЛДИЕВ Азамат Смаилович,  
Жусансай жалпы орта мектебінің математика, физика және  
информатика пәндерінің мұғалімі, педагог-зерттеуші,  
педагогика ғылымдарының магистрі.  
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы.*

«2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнаманы ұстануға, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асырудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыру мақсатында әзірленген. Әдістемелік нұсқау хат нормативтік құжаттар мен әдістемелік ұсынымдарды қамтиды, соның ішіндегі өзектілердің бірі инклюзивті білім беру ортасын құру. Бұл барлық балалардың табысты әлеуметтенуі мен жұмысқа орналасуы мақсатында олардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайлар жасауды көздейді.

Білім беру ұйымында инклюзивті білім беру ортасын құрудың негізгі алты шарты атап өтілген:

**1. Инклюзивті білім беру саласында нормативтік-құқықтық актілерді жүзеге асыру.**

Жеке түзете-дамыту бағдарламасы – бұл қалалық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) ұсыныстарын, баланың жеке басының ерекшеліктерін диагностикалауды және білім беру мекемесі мамандарының қорытындыларын, сондай-ақ баланың білім беру және тәрбие саласындағы қажеттіліктерін барынша толық іске асыру мақсатында ата-аналардың үміттерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын дамытудың нысандары мен әдістерінің ерекшеліктерін анықтайтын құжат.

**2. Ғимараттың сәулет-кеңістік тұрғысынан қолжетімді (кедергісіз) ұйымдастырылуы (оқу кеңістігін бейімдеу).**

Инклюзивті білім беру оқыту процесінде балаға жеке көмек көрсету мен психологиялық - педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді, жалпы білім беретін мектепте мүмкіндігі шектеулі

балаларға кедергісіз аймақ құру ғана емес, баланың психофизикалық мүмкіндігін ескере отырып құрылатын оқу-тәрбие үдерісінің ерекшелігін де ескерген жөн. Ал бұл үдерісті жүзеге асыру үшін мектепте балаға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылуы қажет екенін түсініп, өзіміз соны іске асыруымыз қажет.

Инклюзивті білім беру – ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту–даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция үдерістерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі.

**3. Білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін материалдық - техникалық және оқу-әдістемелік жабдықтау (оқытудың арнайы құралдары).**

Жеке білім беру бағдарламасын жобалаудың негізі оның жеке мүмкіндіктерін дамыту мақсатында ерекше білімді қажет ететін баланы оқытуға жағдай жасау болып табылады, өйткені жеке бағдарлама әр балаға жеке көзқарас пен жеке құзіреттіліктің дамуын қамтамасыз ететін бағдарламалық мазмұнды толық игеру үшін арнайы білім беру құралдарын білдіреді.

Жеке білім беру бағдарламасының мазмұны бірнеше өзара байланысты бөлімдерден тұратын біртұтас жүйені білдіреді, олардың әрқайсысы өзінің семантикалық жүктемесін көтереді. Бұл бөлімдер мүмкіндігі шектеулі балаға әртүрлі бағыттар бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бөлімдердің мазмұны негізгі материалды шоғырландыратын негізгі білім беру объектілері төңірегінде топтастырылған. Кешенді білім беру барысында ерекше

білімді қажет ететін баланың қажеттіліктері мен психологиялық - медициналық - педагогикалық комиссияның қорытындыларына сәйкес білім мен тәрбие беру үшін арнайы жағдайлар жасалуы мүмкін. Ерекше білімді қажет ететін балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның оқу кестесін, оқу жүктемесін, оның білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін, оны сертификаттауды қоса, жеке оқу жоспарлары жасалады.

**4. Білім беру процесін дараландыру: бейімделген оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, білім беру-тәрбиелеу әдістемелерінің, формаларының және құралдарының вариативтілігі және икемділігі.**

Жеке бағдарламалар арқылы оқыту мәселелері ХХ ғасырда қарастырыла бастады. Себебі, инклюзивті білім беру арқылы білім алушылардың жалпы мектептегі баланың бағдарламасын игере алмау салдарынан қиындықтар пайда бола бастады. Әдістемелік әдебиетті жасақтау негізінде аталмыш бағдарламалар жүйесі жасақталды. Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жеке бағдарламалар әртүрлі болуы мүмкін. Олар жеке курстарға, пәндерге немесе балаларды жалпы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларына сілтеме жасай алады және оның кемшіліктерін өтеу мақсатында жасалуы мүмкін. Бұл ретте баланы дамыту мен оқытудың жеке кешенді бағдарламаларына басымдық берілуге тиіс. Жеке түзету және дамыту бағдарламасында баланың жақын арада дамуы үшін қол жетімді болатын міндеттер, сондай-ақ болашақта оған жетістікке жетуге көмектесетін әдістер туралы нұсқаулар болуы керек. Бағдарламаның мазмұны балалар білім беру мекемесі мамандарының психологиялық-педагогикалық консилиумында анықталады және консилиумға қатысушылардың әрқайсысы баламен сабақтарда қандай міндеттерді шешетінін анықтайды.

**5. Педагогтердің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге тұлғалық және кәсіби дайындығы (инклюзивті білім беру идеясын құндылықтар ретінде қабылдау, үздіксіз білім алу және өзін-өзі дамыту).**

Инклюзия – бұл жалпы білім беретін мектепте ерекше білімді қажет ететін баланың физикалық қатысуы ғана емес екенін түсіну керек. Бұл мектептің өзінде, мектептегі мәдениетте және білім беру процесіне қатысушылар арасындағы қатынастар жүйесінде өзгеріс, мұғалімдер мен мамандардың тығыз ынтымақтастығы, баламен жұмыс жасауға ата-аналарды тарту. Бүгінгі таңда, жаппай мектеп мұғалімдері арасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге қажетті дайындықтың болмауы проблемасы өте



өткір

. Инклюзивті ортада жұмыс істеуде мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің жетіспеушілігі, психологиялық кедергілер мен кәсіби стереотиптердің болуы.

**6. «Отбасы-Мектеп-Қоғам» жүйесінде инклюзивті білім беру процесі қатысушыларының өзара байланысы шектерінің кеңеюі.**

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту процесінде мұғалімдер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас ерекше рөл атқарады. Ата - ана баласын жақсы біледі, сондықтан бірқатар мәселелерді шешуде мұғалім олардан құнды кеңестер ала алады. Педагогтер мен ата - аналардың ынтымақтастығы жағдайды әр қырынан қарауға көмектеседі, демек, ересектерге баланың жеке ерекшеліктерін түсінуге, оның қабілеттерін анықтауға және дұрыс өмірлік нұсқауларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз отбасы - мектеп - қоғам болып, ерекше білімді қажет ететін балалардың білім беру ортасын жақсартуымыз қажет.

# ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЫРҒАҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ИДЕЯЛАРЫ



*САДИРОВА Асия Мусакановна,  
№90 Дарынды балаларға арналған мамандандырылған  
мектеп-гимназиясының педагог-логопеды.  
Шымкент қаласы.*

Мақалада логоритмикалық білім берудің заманауи мәселелері қарастырылады. Логоритмиканың негізгі ұғымдары, мақсаттары, міндеттері, құралдары мен мазмұны берілген. Сөйлеу тілі бұзылған балаларды логоритмикалық оқытудың міндеттері тұжырымдалған: жалпы сөйлеу тілі дамымаған, фонетикалық-фонематикалық сөйлеу тілі дамымаған және кекештенген. Сонымен қатар, логоритмиканың қолданылу ережелері мен әдіс-тәсілдері қарастырылған.

**Кілт сөздер:** қозғалыс, моторика, логопедиялық ырғақ, фонетикалық-фонематикалық бұзылулар, сөйлеудің жалпы дамымауы, кекештену.

Логопедиялық ритмика – сөйлеу, қимыл-қозғалыс құралдарын, музыка мен сөйлеуді қоса алғанда, дамуында әртүрлі ауытқулары бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеудің түзету әдісі. Логопедиялық ырғақ түзету ырғағының құрамдас бөлігі бола отырып, қозғалыс дағдылары мен сөйлеуге әсер етеді.

Логоритмика – нейрогимнастика элементтерін қамтитын емдік жаттығулар жиынтығы. Сабақ барысында балалар қимыл-қозғалысты, сөзді, музыканы қолдана отырып, әртүрлі сөйлеу жаттығуларын орындайды. Логоритмиканың мақсаты мен міндеттері балаларға сөйлеу бұзылыстарын жеңуге көмектесу, оларға қарапайым би қимылдарын үйрету және дамыту болып табылады.

Логоритмиканың негізгі мақсаты – мотор сферасын дамыту және түзету арқылы сөйлеу бұзылыстарын жеңу. Қойылған мақсатқа сәйкес логоритмиканың негізгі міндеттері анықталады: түзетушілік, тәрбиелік және білімділік.

Түзету міндеттеріне мыналар жатады: негізгі сөйлеу бұзылыстарын жеңу, тыныс алуды, дауысты, артикуляцияны дамыту, сонымен қатар қозғалыстың барлық түрлерінде негізгі психомоторлық қасиеттерді (статикалық және динамикалық үйлестіру, қозғалыстардың ауысуы, бұлшықет тонусы, моторлық есте сақтау және ерікті зейін) дамыту және жетілдіру сфера (жалпы, кіші, бет-әлпет және артикуляциялық).

Білімділік міндеттеріне әртүрлі қозғалыстармен таныстыру, қозғалыс дағдылары мен дағдыларын

қалыптастыру, дененің кеңістіктік ұйымдастырылуы туралы түсінік, ырғақ сезімін қалыптастырудағы кейбір музыкалық терминдер (музыкалық өлшегіш, уақыт белгісі, қарқын, регистр) кіреді.

Логоритмика сөйлеудің белсенді даму кезеңінде барлық балалардың дамуына оң әсер етеді. Соның ішінде келесі топтардағы балалар мен ересектерге ұсынылады:

- ✓ дизартрия, сөйлеу дамуының кешігуі, жеке дыбыстардың айтылуының бұзылуы;
- ✓ кекештену немесе оның дамуына тұқым қуалайтын бейімділік;
- ✓ тым жылдам, тоқырау немесе тым баяу сөйлеу;
- ✓ қозғалыстарды үйлестіру, моториканың бұзылуы.

Логоритмика әлсіреген, жиі ауыратын балалардың дамуына жақсы әсер етеді.

Сіз қай жастан бастап логоритмикамен айналыса аласыз?

Логоритмикамен неғұрлым ертерек айналысқан дұрыс. Оңтайлы жас – 2,5-3 жас, бұл кезде нәресте ән айтып, қозғалыстарды өз бетінше орындай алады. Бірақ сіз сабақтарды ертерек бастай аласыз. Логоритмика баланың жасына бейімделеді. Егер нәресте мұғалімнің нұсқауларын түсіну үшін әлі тым кішкентай болса, анасы немесе әкесі оған қимылдарды орындауға және мәтінді ән айтуға көмектеседі.

Логоритмикада қандай технологиялар мен тапсырмалар қолданылады

➤ Саусақ гимнастикасы – қол қимылымен жүретін такпақтар мен әндер. Ұсақ моториканы, мәнерлі және еркін сөйлеуді, сөйлеуді есте сақтауды және естуді дамытуға бағытталған.

➤ Музыкалық ырғақты және музыкалық ойындар. Олар сөйлеуді, зейінді, ырғақ сезімін және кеңістікте шарлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

➤ Вокалды-артикуляциялық жаттығулар және логопедиялық гимнастика. Артикуляциялық мүшелердің бұлшықеттерін күшейтіп, олардың қозғалғыштығын дамыту.

➤ Ән айту қабілеттерін дамытуға арналған сабақтар – фонопедиялық жаттығулар, таза сөз тіркесі. Олар ұқсас дыбыстарды ажыратуға үйретеді және дыбыстың айтылуын түзетуге, кеңірдекті нығайтуға және дұрыс сөйлеу тынысын қалыптас-

тыруға қолданылады.

➤ Сөз шығармашылығын дамыту сабақтары. Баланың белсенді сөздік қорын кеңейту.

➤ Коммуникативті билер мен ойындар. Логоритмикадағы әрекеттің бұл түрі ассоциативті-бейнелі ойлауды және эмоционалды сфераны дамытады, балада өзін-өзі бағалаудың жағымды сезімін қалыптастырады, вербалды емес қарым-қатынасқа үйретеді.

➤ Жалпы моториканы дамытуға бағытталған іс-әрекеттер. Бұлшықет-қозғалыс белсенділігін жақсарту және қозғалыстарды үйлестіруді жақсарту.

➤ Мимиканы дамытуға бағытталған жаттығулар.

Сабақтарды өткізудің 8 ережесі:

1. Логоритмика техникасы еліктеушілікке негізделген. Барлық жаттығулар бір принципке негізделген: бала ересектерден кейін қозғалыстар мен мәтінді қайталайды. Мәтіндік материалды арнайы жаттап алудың қажеті жоқ. Бала оны сабақтан сабаққа бірте-бірте есте сақтасын. Алғашқы сабақтарда ересек адам мәтінді оқып, баланы қайталауға шақырады. Бірте-бірте бала оқуға араласады. Ол барлық сөз тіркестерін қатесіз және дұрыс ырғақпен қайталай бастағанда, оған бастама жасауға рұқсат етіледі.

2. Сабақтардың нәтижесі бірден шықпайды. Логоритмика аптасына екі рет шамамен 30 минут, ал егер бала кекештенсе – шамамен төрт рет жаттығады. Тұрақты жаттығулардың әсері кем дегенде 6-12 айдан кейін байқалады.

3. Логоритмика қызықты және көңілді түрде жүзеге асырылады. Бала әрбір әрекеттен ләззат алуы керек. Жаттығулар кезінде қозғалыс еркіндігіне кедергі келтірмейтін ойыншықтарды, суреттерді, жарқын костюмдерді пайдалануды ұмытпаңыз.

4. Жаттығуларды бала жақсы меңгергенше қайталау керек. Егер бала қандай да бір қозғалысты немесе мәтінді жеңе алмаса, жаттығулардың бұл элементі сабақ бағдарламасынан уақытша алынып тасталады, бірақ кейін ол міндетті түрде қайтарылады.

5. Музыканы таңдағанда абай болу маңызды. Балалар әндері, классикалық шығармалардың үзінділері, табиғи дыбыстардың жазбалары логоритмика үшін қолайлы.

6. Бағдарлама балаға бейімделуі керек. Сіз нәрестенің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтардың ұзақтығын және жаттығулардың құрамын өзгерте аласыз және өзгертуіңіз керек. Мұғалімнің қиялы сөздің, музыканың, қозғалыстың бірлігін сақтау талабынан басқа ештеңемен шектелмейді. Сөйлеу жаттығулары өте мұқият орындалады. Өлеңдер баланың сөйлеу ырғағына аяқ, қол, дене қимылдарын оңай бейімдейтіндей етіп айтылады. Іс-әрекеттің дұрыс реттілігін сақтау маңызды: біріншіден, бала үлкендердің жасаған әрекетін бақылайды, содан кейін оны тәлімгермен бірге қайталайды, содан кейін ғана сөздерді айтып, ырғақты сақтай отырып, өз бетінше жасайды.

7. Мұғалім сабырлы болуы керек. Егер нәрестеңізге бірдеңе болмай қалса, ашуланудың

қажеті жоқ – ол тұйық болып, әрекеттерге деген қызығушылығын жоғалтуы мүмкін. Бастапқыда қанша қиын болса да, бастаған ісіңізден бас тартудың қажеті жоқ. Бұл ереже ата-аналар үшін маңызды – олар баладан немесе маманнан бірден нәтиже талап етпеуі керек.

8. Тәрбиелік міндеттерге музыкалық шығарма-ның ырғағы мен қимыл-қозғалыс ырғағын сезіну сезімін тәрбиелеу және дамыту, музыкаға ырғақты қимылдап, қимыл-қозғалысы мен сөйлеуіне сыни көзқараспен қарауға тәрбиелеу жатады.

Логоритмикалық сабақтарда психомоторлық дағдыларды дамыту бейсаналық, еріксіз деңгейде жүзеге асырылады. Моторлы сфераның дамуы кейіннен сөйлеуді ұйымдастыруға көмектеседі. Логоритмикалық сабақтарда алынған барлық дағдылар сөйлеу материалында бекітіледі.

Логопедиялық ырғақ түсінігінің мазмұнын түсіну үшін жалпы қандай ырғақ екенін және оның не үшін қажет екенін анықтау қажет.

Тіршілік процесінде адам ағзасы құрылымдық және қызметтік жағынан жетілдіріліп, қоршаған ортаға бейімделеді. Қозғалыс жалпы моторика мен ұсақ моторикаға негізделген.

Қозғалыс дағдысы – қозғалыстардың құрамдас бөліктеріне зейіннің жоғары шоғырлануымен сипатталатын әрекет техникасын меңгеру дәрежесі.

Қозғалыс дағдысы – бұл қозғалысты басқару автоматтандырылған және жоғары сенімділікпен әрекет ету техникасын меңгерудің жоғары дәрежесі.

Әрбір қозғалыс белгілі бір ырғақпен орындалады. «Ырғақ» ұғымы әртүрлі жағдайда қолданылып, кең тараған: тыныс алу ырғағы, жүрек, өлең жолының ырғағы, проза, жыл мезгілдерінің, күн мен түннің ырғағы, еңбек ырғағы. Ырғақ негізгі белгісімен сипатталады – ол заттардың, құбылыстардың, процестердің уақыттық немесе кеңістіктік тәртібі.

Педагогикалық аспектіде ырғақ – қозғалыстардың музыкамен байланысына құрылған дене жаттығуларының жүйесі. Ритмикалық сабақтарда ырғақ сезімі дамиды – музыкалық күшті және әлсіз сокқыларының кезектесуін түсіру және қозғалыста ырғақты үлгіні жаңғырту: аяқты қағу, бас шайқау, қолды бұлғау. Тәндік ырғақ сезімдерінсіз қозғалыстық та, эмоционалды да сипатқа ие музыкалық ырғақты қабылдау мүмкін емес. Музыкалық-ырғақтық білім беру музыкалық-ритмикалық сезімді дамыту негізінде құрылады - музыкалық шығарманың уақыт барысын белсенді түрде сезіну және қозғалыста бейнелеу қабілеті.

Музыка сабағында әр баланың музыкалық қабілетін жүйелі, мақсатты түрде тәрбиелеу жүзеге асырылады. Сабақтар әр түрлі әрекет түрлерін қамтиды: ән айту, музыка тыңдау, музыкалық және ырғақты жаттығулар, балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Музыка сабағының негізгі міндеттері музыкаға және әртүрлі жанрдағы шығармаларға қызығушылықты дамыту; әуезді және дыбыстық естуді дамыту; ән айту және музыкаға көшу дағдыларын жетілдіру.



# ТҮЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**КУШЕГАЛИНА Айгуль Манаповна,**  
Қостанай құрылыс колледжінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы.  
Қостанай қаласы.

*Тіл – сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу құралы.*  
М. Әуезов

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Біз ұлттық бірегейлігімізді нығайтуымыз қажет. Жалпы, дүние жүзіндегі әр ұлт – бірегей. Мұны дұрыс түсінуіміз керек. Ұлтымыздың бірегейлігі бұл – оның табысты болуы деген сөз... Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек. Ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасады. Осы үш бағытты рухани даму саласындағы жұмыстың мызғымас ұштағаны деуге болады» деп атап өткен болатын.

Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Өз перзенттерін ұлттық мұраны қастерлеуге, ата-ананың өсиетін тыңдауға, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеуі керек. Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қоғам игілігі үшін қызмет ету, ұлттық мәдениетті дәріптеу, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, салауатты өмір салтын ұстану, денсаулықты қадірлеу әр адамның парызы деп білеміз. Жас ұрпақты табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға, табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеуге және еңбекқорлыққа баулуға тиіспіз. Балабақша, мектеп, колледждер – білімнің ғана емес, тәлім-тәрбиенің де ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті.

Бүкіл әлемнің қақпасы тіл арқылы ашылады. Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамда ана сүтімен бірге қалыптасады. Тіл байлығы, сөздік қор – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан қалып отыратын баға жетпес мұра.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Адамның жарық дүниеге келген күнінен бастап, оның есейіп қартайғанынша өмірі салт-дәстүрмен байла-

нысты. Қазақтың айтыс өлеңдерінде, терметолғауларында, бесік жырларында, ертегі, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтел, нақыл сөздерінде, тыйым сөздерінде ел тағдыры, келешек ұрпақ қамы, ел бостандығы, адамгершілік, ар-ождан мәселелері жан-жақты сөз болып, ақыл-өсиет, насихат түрінде айтылған. Солардың ішінде тыйым сөздердің де орны ерекше.

Мысалы, жастарға ғибраты мол мына бір бата үлгісін қарастырып көрейік:

«Құрық деп берсем – құл болма,  
Шыбық деп берсем – шіл болма»

«Құл болма, шіл болма» – деп болымсыз етістіктер түрінде тыйым сөздер беріледі.

Қазақ халқы көне заманнан бері тәрбиенің көзі – тыйым сөздер арқылы жастардың ой-санасына жақсы әдет қалыптастырған. Мысалы, «босағаны керме», «үйге жүгіріп кірме» деген тыйым сөздер жаман хабар естіртуден сақтасын дегенді білдірген. «Аяғыңды көкке көтерме», «адамға қарап есінеме, түкірме, орынсыз күлме», «көп сөйлеме», «тілінді шығарма», «саусағыңды аузыңа салма» деген тыйым сөздер әдептілікке, мәдениеттілікке үйретеді. Ғұлама ғалым Махмұт Қашқари «Тәрбие басы – тіл. Әдептің басы – тіл» деген екен. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ ауыз сөзбен білдіретін мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы өмір тәжірибелерінен алынған үлгілі, өнегелі сөздер.

Халықтың дүниеге көзқарасын білдіріп, жас ұрпақты адамгершілікке, білімге, кішіпейілділікке, татулыққа баулуда шешендік сөздердің тәрбиелік мәні зор. Мысалы, Бөлтірік шешеннің «Балаға ақыл» деген сөзін алайық.

Үлкен алдында иіліп сөйле,  
Кіші алдында сызылып сөйле,  
Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді,  
Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.

Тыйым сөздердің тәрбиелік мәні зор. Ерте замандардан бастап осы күнге дейінгі мәнін жоғалтпаған өсиет сөздерді әдеп әліппесі деп танимыз. Еліміздің өркендеп дамуы үшін халқын сүйетін, мемлекет мүддесін жоғары ұстайтын, білімді де адал ұрпақ тәрбиелеу аса өзекті мәселелердің бірі ретінде үнемі назарда ұстауды қажет етеді.

# Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ Шымкент қаласындағы педагогикалық қызметі

**ОРЫНБАСАРОВА Гүлжан Жаксымбетовна,  
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан  
педагогикалық университеті «Әлем тарихы және дінтану»  
кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты.  
Шымкент қаласы.**



1924 жылы Шымкент қаласы облыс орталығы болып құрылады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қаланы дамыту барысында ауқымды іс-шаралар басталып, ол бірте-бірте ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Бірінші кеңестік бесжылдықта Шымкентте қонақүй, асханалар, клуб театры, екі жазғы кинотеатр, перзентхана, екі аурухана, балабақша, алты жаңа мектеп пайда болды. Соның бірі Сырдария облысы Шымкент қаласында орналасқан Қазақ педагогикалық техникумы.

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі – Жүсіпбек Аймауытовтың еңбек жолы, білім – беру саласындағы қызметінің бірі осы оқу орнында шыңдала түсті.

Көптеген деректерде Ж.Аймауытов 1926-1929 жылдары Қазақ педагогикалық техникумында білім беріп оқытушылық, директорлық қызмет атқарғанын кездестіруге болады. Соның бірі Шымкент қаласы Түркістан облыстық мемлекеттік архивіндегі «Сырдария губерниялық Халық Ағарту бөлімі» құжаттарынан деректер келтіруге болады. Мысалы, «Жауапты тұлғалардың жеке парақтары. Сырдария Қазақ педагогикалық техникумы курсанттарының тізімі, техникумға қабылдау туралы өтініштер» деп аталатын қорда Ж.Аймауытов өз қолымен жеке парағын толтырған. Онда былай делінеді:

Сырдария губерниясы, Шымкент уезді, Шымкент қаласы.

- Мекеме: Қазпедтехникум, қызметі: оқытушы;

- Фамилиясы - Аймауытов, аты - Жүсіпбек, тегі – Аймауытович; - Туылған жылы – 1888, туылған жері – Семей губерниясы Павлодар уезді; Ана тілінен басқа қандай тілдерді еркін меңгерген – орыс тілін; - Жұмыс бойынша КСРО - ның қандай жерлерін жақсы білесіз – Семей губерниясы.

а) негізгі мамандығы – мұғалімдік.

б) қай уақыттан бастап – 1919 жылдан бастап осы уақытқа дейін.

- Отбасылық жағдайы мен отбасы құрамы – үйленген, бес адам.

- Білімі (қайда оқыды, қанша курс, сынып бітірді немесе өтті)

а) жалпы – Семей қаласында.

б) әлеуметтік – мұғалімдер семинариясы.

- Бұрын қандай партияларда болған (қай уақыттан бастап) – 1920 жылдан 1922 жылға дейін Компартияға қатарында болып, механикалық түрде шығарылдым.

- Сотқа тартылды ма (қашан, не үшін, кім үкім шығарды – малды иесіз таратқаным үшін жауапқа тартылып, 1926 жылғы Жоғарғы соттың шешімімен ақталдым.

- Мәселелер бойынша еңбектер бар ма, (қолмен жазылған немесе басылған жұмыстар, атауы, қайда, қашан орналастырылған) – педагог, психолог. Педагогикалық нұсқаулық, психология, психология және кәсіби таңдау.

- Мәселелер бойынша мерзімді баспада, қашан, қайда – 1920 жылдан бастап әр түрлі қазақ журналдары мен газеттерінде әдістеме және тәрбие жұмыстары бойынша.

- Съездерге, конференцияларға, мәселелер бойынша іс сапарларға жіберілді ма (қашан, қайда) – мұғалімдер съездеріне, Губоно іссапарымен.

- Қай салада өзіңізді қолдануды ең орынды деп санайсыз – педагогикалық және әдеби – деп жауап берген

Қазпедтехникум қабырғасында Ж.Аймауытов білім-беру, тәрбиелеу саласында кәсіби деңгейін көрсете білген. Мысалы: «Мектептер мен балалар үйлерінің жұмысындағы ауытқушылықтар және аталған мекемелердің аппараттарын тазарту туралы ОГПУ және РКИ (ЖШИ-Жұмысшы шаруа инспекциясы) органдарымен хат алмасу» қорында Сырдария ГубОНО меңгерушісі Құльджанов Сырдария РК ВКП(б) Жауапты хатшысы Фоминге жіберген жазбасында (22 шілде 1928 жылы) былай деп баяндаған: «...Сонымен қатар, Ж.Аймауытов тәрбиеленушілерге көп нәрсе береді. Олардың қоғамдық жұмыстарына қатысып, қазақ әдебиетін қадағалап отырады. Жалпы, ол техникалық мектептің "шегесі". Орыс мұғалімдері өте жақсы болғанымен, орыс тілін меңгертуде оқушылардың үстірт оқуына байланысты олар көп нәрсе бере алмайды.

Осы арқылы ГубОНО Ж.Аймауытовтың техникумда жұмысын жалғастыруға және техникумда партиялық басшылықты күшейту үшін қажетті іс-шараларды талқылау мүмкіндігі бар» деп көрсеткен.

Ж.Аймауытов өзінің педагогикалық қызметінде қазақтардың байлығы оның ішкі әлемінде екенін атап өтті. Ол музыка, әдебиет, Ана тілі, Жастардың рухани тәрбиесінде өнерге маңызды орын бере отырып, мектепте білім беруде бірінші орынға Ана тілін қойды. Ана тілі – үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеудің, қалыптастырудың негізі деп санады.



# Құт қонған, бақ дарыған киелі мекен – Түркібасы

**ТУРСЫНБАЕВА Алмагул Равшановна,  
М.Ломоносов атындағы мектеп-гимназияның  
бастауыш сынып мұғалімі.  
Түркістан облысы, Түркібас ауданы.**

Жібек жолының бойында, тарихи Майлықент өңірінде Түлкібасы, Түркібасы немесе Әулиетөбе орналасқан. Патша өкіметі кезінде Майлықент облысы атанған елді мекеннің Кеңес одағы тұсында қайта құрылып, Түлкібас ауданы атала бастағаны түптеп келгенде осы төбенің атауымен тікелей байланысты екені халық арасында талқыланып жүрді, дегенмен бір ауданға ат болып қойылып, атағы шартарапқа жайылған Түлкібастың ашылмаған сыры, айтылмаған жыры көп. Түлкібас атауының шығу тегі толық ашылып, айқындала қоймаған. Түлкібас атауы жаңылыс айтылған, оның бастапқы атауы Түркібасы немесе Түрікбасы болған дейді. Мекемтас Мырзахметұлы «Түлкібасы» деп аталатын мақаласында халықтың жадынан өшіп кетіп, жаңылыс айтылған Түлкібас атауын бастапқы қалпына келтіріп, оны Түрікібасы деп атауды ұсынды. Әйгілі жазушы, қаламгер Шерхан Мұртаза: «Түлкібас десе, мен түлкінің басын көз алдыма елестете алмаймын, Түркібасы десе, көненің көне замандары көз алдыма келіп, көлбеңдей береді» деп ағынан жарылды. Марғасқа жазушы, көсемсөз шебері Мархабат Байғұттың да пікірі осыған саяды. Аса білгір академик В.В. Бартольд да өз ойын айтқан екен. Түркістанға іс сапармен келген атақты академик 1893 жылы Түлкібасқа арнайы ат басын бұрып, аймақты аралап көріп, халық жадында сақталған аңыз, әңгімелерге сүйене отырып, бұл жердің ертеректе Түркібасы аталғанын, ал Түлкібасы атауының кейінірек жаңылыс айтылғанын алға тартады. Жалпы Түлкібас өңірінде «Борсықбай», «Жыландытау», «Жабағылы», «Құландытау», «Балықты» деп жан-жануарлардың атымен аталатын жер атаулары баршылық. Әйтсе де, қазақ пен исі түркі халықтарында әсте әспеттелмейтін, тіпті жағымсыз, ұнамсыз бейне ретінде сипатталатын түлкі әңгімелерде қу, айлакер болып суреттеледі. «Жаным – арымның садағасы» деген, басын бәйгеге тіксе де намысын қолдан бермеген бабаларымыз түлкіні әсте үлгі тұтпаған. Сондықтан болар біздің білуімізде, түркі жұртында түлкіге байланысты жер атаулары кезіге бермейді. Тұрғылықты халық жерге атау бергенде көптеген жайыттарды ескергені белгілі. Мәселен жер бедерінің Түлкібас деп атауы үшін, біздіңше ол төбенің түлкінің басына ұқсауы не болмаса түлкі жайлаған жер болуы керек деген сияқты. Ал Түлкібасы төбесі түлкінің басынан күмбезге көбірек ұқсайды. Ендігі байлам Түркібасы атауына тіреліп отыр. Бұған жауап беру үшін тіл мамандарының еңбектеріне үңілген едік. Расында әрісі түрік, берісі қазақ тілінде «р» мен «л» дыбыстарының орын ауыстыруы жиі кездеседі екен. Мәселен «мұсылман» сөзі кейде «мұсырман» деп

айтылса, «зарар» деген сөз де кейде «залал» деп айтыла береді. Мұны кезінде әйгілі түрік сөздігінің авторы Махмұд Қашқари да ескертіп кеткен екен. Түркібасы атауының өзгеріске ұшырап, Түлкібасыға айналып кетуі, тілдік тұрғыдан алғанда әбден мүмкін екен. Ел аузындағы аңыз әңгімелерге ден қойған академик В.В. Бартольдтың өзі Түркібасының кім екенін ашып айта алмапты. Профессор М. Мырзахметұлы «ертеде елді жаудан қорғау үшін, түрік жұртының қолбасшысы, яғни Түрік басы осы төбенің басында шатырын құрып, жауға қарсы айбар шашып тұрыпты» дейді. Ал, профессор Әділхан Байбатша «Түркібасы атауы Түрік қағанатының басшысы Естемес қағанға байланысты шыққан» деген пікірді алға тартады. Өз сөзіне дәлел ретінде ғалым әйгілі Естемес қағанның шамамен 556 жылы сол кезде Екітау деп аталған тауға шатырын тігіп, оның етегіне ордасын орналастырып, қала салғанын айтады. Бір қызығы, бағзы заманнан сыр шертетін әйгілі «Манас» дастанында текті бабалар тарпанды тағалап мінген түркілік дәуірді «Түркібасы» атауымен байланыстырып, кеңінен толғайды. Дастанға құлақ түрсек, шайқас қызған тұста Манастың кеңесшісі Бақай қытай қолындағы тамырлас тайпаларға ұран тастайды. Түрік пен монғолдың туыс екенін еске салып, бауырларды бірлікке үндейді. Мұны естіген қарсы жақтағы түрік тайпаларының көсемдері кеңес құрып, ақылдаса келе, төрт жүз мың әскерден құралған қолды алып кетеді. Осылайша Ташкенттен жеткен жаужүрек жауынгерлер Манастың баһадүрлерімен бірігіп, жауды қоршайды. Үш күнге созылған қанды шайқаста жау жағы күйрей жеңіледі. «Түріктің бәрі дүркіреп, Күн батыс жұрты күркіреп, Қазақ, қырғыз, Өзбек» бастап, түгел түріктің басын қосқан құтты Жыланды жерінің содан бері «Түркібасы» деп аталғанын алға тартады. Ел аузында жүрген аңыз бен шежіре-деректі хатқа түсірген Сайрамдық Мирахмад Мирхалдарұлы «түлкінің басы» деп дұрыс айтылмай жүрген атты қалпына келтіріп, оны қайтадан Түркібасы деп атауды ұсынды.

Түркістан облысы, Түлкібас ауданында қазақтың қасиетті жерлері өте көп. Түлкібасты алғаш көрген әрбір адамның «Асан қайғының іздеген Жерұйығы осы емес пе?» деген ойға келетіні рас. Әрі қазақтың көрнекті жазушысы Шерхан Мұртазаның: «Тұлпарлар туған жер, сұңқарлар қонған жер» деп анықтама беруі тегін емес.

Ұлы тәңірдің несібесімен құт дарып, түрік жұрты ұйысқан Тәңіртаудың баурайында, шежірелі қарт Қаратау мен ақбас Алатаудың төс түйістірген тұсында, ағыны қатты, арынды Арыс құлдырындаған, Құланның қол ұстасқан жерінде, аты әлемге әйгілі ұлы Жібек жолының



бойында, тарихи Майлықет өңірінде Түлкібас орналасқан. Тарихқа көз жүгіртсек, ауыл іргетасы 1891 жылы қаланғанына көз жеткізуге болады. Сол жылы Қара топырақты Ресей аумағынан 84 отбасы шұрайлы жер іздеп, қазақ жеріне қарай сап түзейді. Оларды бұл жолға елдегі жұмыссыздық, үй-жайларының болмауы ғана емес, сол кездегі отаршылдық саясат та мәжбүрлеген. Межелі жеріне жетіп, табиғатына көңілі толған келімсектер өзара ақылдасып, қағылған қазықтың орнын "Ванновское" деп атауды ұйғарады. Жергілікті тұрғындар қуылады. Осылайша қазақ жерінде, Шымкент уезінің Майлықент өңірінде Ванновское пайда болып, үйлер тұрғызылады. Ауасы таза, шөбі шүйгін, құнарлы жер келімсектер үшін таптырмас жерге айналады.

Орталығы Түлкібас стансасы болып, 1928 жылы 17-ші қаңтарда құрылған. 1930 жылы 17-ші желтоқсандағы Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің қаулысына сәйкес, осы жылдың 23-ші шілдесінде Түлкібас ауданы, Жуалы ауданына қосылды. Бес жылдай Жамбыл облысының қарамағында болып, 1935 жылы 9-шы қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында қайта шаңырақ көтеріп, орталығы Ванновка ауылы болып бекітілді. 1963-1966 жылдары Сайрам ауданында болды. 1928 жылдан тәуелсіздік алған жылдарға дейін ауданды 19 азамат басқарған. Тәуелсіздік алғаннан бүгінгі күнге дейін ауданды 9 әкім басқарған. 1993 жылы 7-ші қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қазақтың қайсар ұлы Тұрар Рысқұловтың 100 жасқа толу құрметіне орай, аудан орталығы Ванновка ауылы Тұрар Рысқұлов ауылы болып өзгертілді. Қазіргі таңда аудан орталығы – Тұрар Рысқұлов болып аталады. Тұрар Рысқұлов кім?! Осы сұрақтарға жауап бере отырып, өзімнің зерттеуімде Т.Рысқұлов туралы біраз ақпарат жинап алдым. Жалпы тарихта ерекше орын қалдырған қоғам қайраткері, елдің рухани көзін ашқан Тұрар Рысқұлов туралы сөз айтылса еске бірден осыншама ұзаққа созылған ұлт-азаттық көтерілістер оралады. Тұрар Рысқұлов – Қазақстан мен Орта Азия

халықтарының өткен ғасырдың 20-30 жылдардағы тарихында ерекше орын атқарған саяси қайраткер. Туған халқын азаттық жолындағы күреске бастаған қазақ зиялыларының көш басында тұрған аса ірі саяси жетекшілердің бірі және бірегейі.

Рысқұлов Тұрар (1894-1938) – қазақ халқының көрнекті перзенті, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. Бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезінің Шығыс Талғар бекетінде туған. Әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 19-шы ғасырдың 80-ші жылдары патша әкімшілігінің озбырлығына шыдамай Сырдария облысының Черняев уезінен (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы) Верный уезіне қоныс аударып келген болатын. Тұрардың әкесі Рысқұл патшаның бодандық саясатына қарсы шыққандығы үшін 10 жыл қаторғыға айдалды және Сібірге айдауға жіберілді. Тұрар Меркі қаласында туыстарының қолында тұрды, орыс-қазақ мектебінде оқыды. Мектепті тәмамдаған соң ол Пишпек (қазіргі Бішкек қаласы) қаласындағы ауыл шаруашылық училищесіне оқуға түсті. Училищені озат аяқтаған соң ол Ташкент мұғалімдер институтына оқуға бел байлайды. Ол институтты аяқтай алмайды, оны революциялық қызмет қызықтырады. Ақпан төңкерісінен кейін 1917 жылы ол Әулие ата уезінде жастар ұйымын құрады және Әулие ата Кеңесімен тығыз байланыс орнатты. 1926 жылдың шілдесінен 1937 жылдың шілдесіне дейін РСФСР ХКК төрағасының орынбасары. Тұрар Рысқұлов ұлты үшін көп жұмыс атқарды. Тұрарды 1937 жылғы көктемде тұтқындаған. Оның бастамасымен Қарағанды көмір бассейнінің, Контрат кен орнының құрылысы басталды, Балқаш мыс балқыту зауытының құрылысы басталды. Ол Түркісіб құрылысы комиссиясының төрағасы болды. Түлкібас ауылындағы темір жол стансасын салуға өз үлесін қосты. Қамауға алынғанда ол Қазақстан тарихы жөніндегі үлкен, көлемді кітабын тәмамдауға таяу екен... Одан бері ширек ғасыр уақыт өтті. Тұрарлар аңсап, армандаған Тәуелсіздікке қол жетті.

Біртұтас тәрбие: Саналы ұрпақ



## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ

**ИГИБАЕВА Алма Муратбековна,  
Қосымша білім беру оқу салалық орталығы,  
Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және  
құндылыққа баулу бөлімінің әдіскері,  
Шымкент қаласы.**

Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын, демократиялық қоғамды құратын парасатты және білімді тұлғаларды тәрбиелеуде ұлттық тәлім-тәрбиенің ролі зор екені даусыз. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңнен таразылап, болашағын барынша болжайтын қоғам сұраныстарына жауап беретін және барынша әлеуметтенген тұлға ретінде танылатыны анық.

Ғаламдық жаһандану жағдайындағы жаңа қоғамда орын алған ірі экономикалық өзгерістер мен технологиялық жетістіктер қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын білім жүйесіне орасан ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуі, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу қажеттігін де алға тартып отырғаны шындық.

Құндылықтар дегеніміз – ұнатқан игіліктер мен оларға қол жеткізу тәсілдері туралы қорытындылаған белгілі көзқарастар, орнықты ойлар, үлгі аларлық объектінің озық тәжірибелері, сыннан өткен пікірлер. Құндылықтар арқылы ұлт өзінің мінез-құлқын анықтайды.

Ұлттың мәдени құндылықтарын екіге бөліп қарасақ, рухани: тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, дін, өнер, тарих, тәрбие, рух (психология), ұлттық мейрамдар т.б. материалдық: жері, үй-жайы, малы, тұрмыс-мүлкі, киімі, т.б. Бұл – қазақ халқының ұрпағын отбасылық өмірге даярлауға өзек болар этно-мәдени құндылықтар.

Құндылық мазмұнын талдай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады: құндылық зат та, нәрсе де, мәселе де емес, олардың қасиеттері де емес, ол адам ойының қандай да бір жоғары түрі екендігі анықталады.

Құндылықтар бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін игеру нәтижесінде орнығады. Сондықтан жұмысымың келесі бөлімінде оқушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастырудың маңызды мәселесіне тоқталамын.

Адамның ішкі құндылықтары әлемі оны дара тұлға ретінде ерекшелейді. Білім берудегі ізгілендіру, дамыту ұстанымдары дара тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыруға қызмет етеді. Елін сүйетін адал перзент болып өсу үшін адам бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарыту қажет. Ал рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл. Академик Ә.Қайдар: «Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Ата-бабалардан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, сары майдай сақтап, жалғастыру арқылы тіл қауымын мәңгірттіктен аман алып келе жатқан сирек құбылыс – осы тіліміз ғой. «Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің құдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», – деп жазады.

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр адамның қабілеті, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, өзіне - өзінің жол ашуына түрткі жасау – бүгінгі білім беру ісінің басты міндеті. Қазіргі қоғамда құндылықтардың алар орны ерекше.

Қазақ педагогикасында құндылықтың түрі мен маңызына, сыры мен сипатына алғаш философиялық мән беріп, оның жан-жақты талдай білген Абайдан асқан зор тұлғаны атау мүмкін емес. Абай – қазақ халқы үшін парасат биіктігінің, ақыл-ой толықтығының, адамгершілік пен рухани байлықтың өлшемі. Абайдың қара сөздерінің жас ұрпақ үшін маңызы зор.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарп ететін, елін, туып-өскен жерін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке тұлға тәрбиелеу – маңызды міндет. Болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен

ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу – алдымызда тұрған үлкен міндет. Ұлттық тәрбие дегеніміз – сана сезім мен сенім қалыптастыру. Бүгінгі ұрпағымызды бірнеше ғасырлардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату – біздің басты парызымыз. «Дәстүрлік іс-әрекетіміз заман ағымына қарай қолданыста өзгеріс табады» деген пікірді әрбір ой толғаушы ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. Әр ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып қалыптасқан. Әрбір тұлға саналы түрде өзін басқалармен салыстыра келіп өзіндік ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырады.

Халық ауыз әдебиеті тарауының барлық түрі (мақал-мәтел, жаңылтпаш, аңыз, жырлар, шешендік сөздер, қанатты сөздер т.б.) ұрпағымызды адал еңбекке, өнер-білімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға жетелесе, ұлттық құндылық қасиеттерімізді дәріптейтін тағы барлық салт-дәстүрлеріміз, әдет-ғұрыптарымыз, рәміздерімізді оқыта отырып-меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, инабаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани-байлық, махаббат т.б сияқты жақсы қасиеттерді танып біліп, ұмтылу, сол бір жақсы қасиеттерге өздерін жетелеуге тәрбиелейді.

Салауатты өмір салтын насихаттауда қазақ халқының ұлттық тағамдарының, ұлттық ойындарының адам денсаулығына тигізер пайдасы мол.

Біздің басты міндетіміз – қазақтың еліне, жеріне, әрбір тау-тасына иелік ете білу сезімін жас ұрпақтың жүрегіне, санасына сіңіріп өсуі. Қазақта қандай дүние, қандай рухани байлық болса, сонымен мақтана алатын саналы, интеллектуальдық мінез-құлқы қалыптасқан, өз елінің өзге елдермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ететін парасатты ұрпақ болып өсу.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдістен алып шығар жол – ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызбен сусындап өскен білімді ұрпақ. Сол себептен жас ұрпақтың басты ұстанар бағыты – ұлттық құндылықтар болуы қажет. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашыл тұлға болып өсуі – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, парасатты болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. Қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге рухани, мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Адамның өз халқына деген сүйіспеншілігі, өзінің туған жеріне, өз халқы өмір сүретін ортаға деген сезіммен ұласып жатуы керек. Халықтық әдет-ғұрып, салт-санасының байлығы, патриоттық сезім Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады. Жастардың ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру, ата-бабаларымыздың асыл мұрасына деген мақтаныш сезімін ояту – баршамыздың парызымыз.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА



## ҚАЛЫПТАСТЫРУ — БОЛАШАҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

**ЖУНИСОВА Назым Досжановна,**  
*Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығы,  
«Инновация және стратегиялық жоспарлау»  
кафедрасының меңгерушісі.*

Сыбайлас жемқорлық — бұл адамның көздеген мақсатына оңай әрі тез жету үшін, «Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп, оңай жолды таңдау арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген заңын бұзып, ақша ұсынуы және оны өз еркімен қабыл алуы. Сыбайлас жемқорлық сөзінің өзі сындыру, құрту, бұлдіру деген мағынаны білдіреді. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Адалдық, әділеттілік, берілген тапсырмаға бағыну, кез-келген құқық бұзушылыққа қатысты ауытқушылық, проблемаларды шеше білу, адам құқықтарын қорғау, мемлекет пен қоғам мүдделері сияқты моральдық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыруға ерекше назар аудару керек.

Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң бар. Егер Қазақстан азаматы немесе азаматшасы пара беру барысында ұсталса, заң бойынша ауыр жазаға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін қосуда. Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанайқайларын баспасөздерде жеткізген болатын. Бірақ өте өкініштісі сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығында. Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсініктің алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет. Біріншіден, адам саналы түрде пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша, сол адамдар өз жазасын алады. Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды әрі пара беремін деген ой екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз. Екіншіден, оның тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар. Жастарды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Жас ұрпақтың бойына ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек. Бұлай ерекшелеп айтуымыздың өзі еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, олардың еліне адал болуы, түзу жолды таңдауы, сыбайлас жемқорлықтың орын алуын болдырмауы еліміздің өркендеуіне үлкен үлес қосатынын көрсетеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында адал еңбек пен мандай термен тапқан әр тиын — нағыз ардың ісі екенін, өскелең ұрпаққа, жастарға да бұл қасиетті бойларына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін жеткізеді. Осы бастан өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «құбыжық» екенін түсіндіру керек.

Дания — ең бақытты елдер рейтингінде 1-ші орынды

алады. Себебі, бұл ел — әлемде жемқорлықтан ең таза ел. Қылмыс та, түрме де өте аз. Сотталған адамдар демалыс кезінде үйлеріне барады, тіпті олар жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Заңға қарапайым адамнан, билік басында отырған адамдар да қатаң бағынады. Дания еліндегі сыбайлас жемқорлықтың аз болуының негізгі себептері мынадай: 1) мемлекет пен ел тұрғындарының жауапкершіліктерінің жоғары деңгейде болуы; 2) жұмысқа тұру барысында және компаниялардың өз ішінде арнайы заңының болуы, екі жақтан келісімді түрде пара алуға немесе бермеуге әрекет жасаулары; 3) жемқорлық туралы заң бойынша кімде-кім пара берсе, ұсталса немесе күдікті ретінде саналса ұзақ жылға бас бостандығынан айырылып, мансабымен қош айтысады; 4) елдегі ақша айналымы ашық түрде жүргізіледі. Кіріс пен шығыс қатаң бақыланып отырады. Бұл елдің экономикасы дамыған және тұрғындардың өмір сүру жағдайлары жоғары екенін көрсетеді. Егер кез келген елде жемқорлық жоқ болса, халқы бақытты, елі тыныш және өмір сүруге қолайлы болар еді. Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары іске асырылуда. Біздің жауабын таба алмай жатқан ауқымды мәселенің шешімі негізі оп-оңай. Ол — Отанға деген шексіз махаббат, яғни патриотизм. Қазір жасалып жатқан шаралар болсын, алдағы уақытта қолға алынатын шаралар болсын, әр қандасымыздың бойында Елімізге деген ыстық сезім, сүйіспеншілік болмаса, бәрі бекер екені мәлім. Отанға деген махаббат, елге адал қызмет ету, өз халқына жанашыр болу, біреуге пара бермеу, пара алмау әрдайым насихатталуы керек. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң жүйесін өзге елдердегідей қатаңдату қажет. Мысалы, жемқорлыққа қарсы ең ауыр жазалар Қытайда қолданылады. Сонымен қатар, Сингапурдың заңдар жүйесін де жақсы деп санауға болады.







Қорыта айтқанда, әр адам өз-өзімен жұмыс жасауы керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлауы қажет. Саналы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, адал қызмет ету, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бақыт екенін түсіндіру қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды. Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бірге атсалысуымыз қажет. Бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек алынбайтын қамал жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру — болашағымыздың кепілі. Сананың өзгеруі адамның ішкі жан дүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгерткісі келсе, бәрі дұрысталары анық. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.



# ҰЛЫ ДАЛА ПЕРЗЕНТІМІН

**КОЖАБЕКОВА Гулмира Курманғалиевна,**  
*№57 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*  
 Алматы қаласы, Жетісу ауданы.

<b>Жалпы мақсаты:</b>	Оқушыларға қазақ халқының Тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елдің азаттығын, еркіндікті аңсаған ата-бабамыз туралы және қазақ елінің өткені, бүгіні, болашағы жайлы дәріптеу. Елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.	
<b>Оқыту әдістері:</b>	Топтық жұмыс. Диалогтық оқыту, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.	
<b>Қажетті ресурстар</b>	Интерактивті тақта, презентация, маркер, стикер, постер, тақырыпқа байланысты мәліметтер.	
<b>Тапсырмалар:</b>	<b>Жүргізуші мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>
<b>Кіріспе</b>	<p><b>Мұғалімнің кіріспе сөзі:</b> Қазақстан – туған Отан алтын бақ, Қазақстан – мейірлі ана, дос қымбат. Қазақстан – бізді туған Ұлы Отан, Ұлы жолға түсті келіп жарқылдап.</p> <p>Қазақстан – көпті көрген қария, Жайнай берсін, жайнай бер сен мәңгілік! Тәуелсіздік қазақ халқының ғасырлар бойы көздеген арман-мұраттарының орындалуы. Тәуелсіз мемлекетке айналу, бізге үлкен серпіліс, күш берді. Тарихи күш десе де болады. Құрметті оқушылар, ұстаздар бүгінгі біздің «Ұлы дала перзентімін» атты сайыс сабағымызға қош келдіңіздер!</p> <p><b>Психологиялық ахуал қалыптастыру</b> және оқушыларды топқа бөлу <b>«Капитандар» әдісі.</b> Нұсқау бойынша іс-әрекеттерді орындайды.</p> <p>«Капитандар» - бір-бірімен сәлемдеседі.                  «Қайық» - екі оқушы бірінің артына бірі тұрып, ескек еседі.                  «Қорғаушы» - екі адам бір адамды ортаға алып қорғайды.                  «Түскі ас» - төрт-төрттен бірігіп, түскі ас ішеді.                  (Топтық жұмыс кезінде соңғы төрт оқушы бір топ болады)</p>	
<b>1. Психологиялық ахуал тугызу</b>		
<b>«Капитандар» әдісі (3мин)</b>		
<b>Интерактивті тақтадан бейнеролик көрсету (2мин)</b>	Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына байланысты бейнеролик.	Бейнероликті көріп, тапсырманы орындайды.
<b>II. Негізгі бөлім «Маңыздылық аймағы» (15 мин)</b>	<p>1. Әр топқа ақ қағаздар плакаттар беріледі.</p> <p>2. Мәтін таратылады.</p> <p>Дескриптор арқылы маңызды ақпаратты табады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ең маңызды;</li> <li>- Аса маңызды емес;</li> <li>- Маңызды;</li> </ul> <p>Топта ақылдаса отырып, талдау. Қай топтағы қатысушының ойы сізге ұнады сол топты «Домбыра» әдісі арқылы бағалайды.</p>	<p>1. Қатысушылар мәтін бойынша өз ойларын білдіреді. Топпен талдайды.</p> <p>2. Топтар бір-біріне баға береді.</p>

<p><b>«Пирамида» әдісі</b> (5 мин)</p>	 <p>«Домбыра» бағалау әдісі</p> <p>Әр топқа сұрақтар беріледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан өз тәуелсіздігін қай жылы алды?</li> <li>2. Республика күні қашан?</li> <li>3. ҚР мемлекеттік рәміздері қашан қабылданды?</li> <li>4. Қазақстанның ұлттық валютасы қашан айналымға енгізілді?</li> <li>5. Ең алғашқы Конституция қашан қабылданды?</li> <li>6. 2011 жылы Қазақстан нешінші қысқы Азия ойындарын өткізді?</li> <li>7. Астана қаласының 10 жылдығы қашан тойланды?</li> <li>8. Қазақстан халықтарының бірлігі күні қашан?</li> </ol> <p>«Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау</p> <p>Топтарға «Ұлттық ойындар», «Ұлттық аспаптар», «Ұлттық тағамдар» тақырыптары бойынша мәлімет жазу ұсынылады.</p>	<p>Сұрақтарды оқып, пирамида бөліктерінен дұрыс жауапты тауып, ретімен орналастырып пирамида құрастырады.</p>   <p>«Google» іздеу батырмасына әр топ өздеріне берілген тақырып бойынша мәлімет жазады</p>
<p><b>«Google» іздеу батырмасы әдісі</b> (10 минут)</p>	<p>«Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалау</p> 	
<p><b>Рефлексия</b> «Алақанға жан бітір»</p>	<p>Рефлексия парақшаларын ұсынады.</p>	

# ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ 6 ШАРТЫ:



## ТАЗА АУА, ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ, ҚОЗҒАЛЫС, ТЫНЫШ ҰЙҚЫ, КӨТЕРІҢКІ КӨҢІЛ-КҮЙ, КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСПЕУ

*ШЕРТАЕВА Зарина Нурғалиевна,  
№29 Керім Тленшин атындағы жалпы орта  
мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.  
Түркістан облысы, Сайрам ауданы*

**Сынып сағатының мақсаты:** «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының кешенді жоспарын жүзеге асыру аясында балаларды денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

**Сабақтың көрнекілігі:** суреттер, мақал-мәтелдер.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

Оқушыларды сабаққа дайындау.

**II. ЖАҢА САБАҚ**

- Адам үшін ең қымбат байлық?

- Денсаулық.

- Балалар, денсаулық дегенді қалай түсінесіңдер?

- Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтау қолдауда. Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шам үйді жарық қылады. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсең, көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық.

- Балалар, денсаулықтың 6 шарты: *таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу*. Қысқаша тоқталып өтейін.

**1. ТАЗА АУА** – денсаулық кепілі. Әр адам тәулігіне бірнеше мың литр ауа жұтады. Таза табиғат аясында серуен ұйымдастырудың маңызы зор. Таза ауада серуендеу денемізді шынықтырады, шымыр етеді, көңіл-күй көтереді, сергектік сыйлайды. Сабақтан бос уақыттарыңды таза күн тәртібіне енгізіп қоюларың қажет.

**2. ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ.** Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі. Ой еңбегіне, іс-әрекетке де күніне көп күш-қуат жұмсалады. Ол қуатты, ағзаға қажетті коректік заттарды біз ішер астан аламыз. Ағзаға тағам арқылы енетін белоктардың, минералды тұздардың, майлардың, көмірсутегінің алмасуын тездететін заттар – дәрумендер. **А дәрумені** мал өнімдерінде болады. Әсіресе, бүйрек, бауырда, жұмыртқаның сары уызында, сүт тағамдарында мол. А дәрумені жетіспегенде адамның көру қабілеті төмендеп, заттың

түсін ажырата алмайды. Шашы түсіп, терісі құрғап кетеді.

**В дәрумені** жетіспегенде асқазан, ішек жаралары пайда болады, жүйке жүйесі зақымданып, адам сал болып қалуы мүмкін. Ет, сүт, балық тағамдарын, жұмыртқаны аз пайдаланса, В дәруменінің жетіспеушілігі байқалады.

**Е дәрумені** жетіспеуінен бұлшық ет солып, адам семе бастайды, дистрофия ауруына ұшырайды. Е дәрумені мал өнімдерінде, көкөністерде кездеседі.

**С дәрумені** жеміс-жидектен, алмадан, лимоннан, итмұрын, қарақат, шиенен табылады. С дәрумені жетіспегенде адамның жұмысқа қабілеті төмендейді. Ұйқысы бұзылып, тәбеті кемиді, суыққа оңай бой алдырады.

**Д дәрумені** балық майында, жемістерде болады. Д дәрумені жетіспегенде тұздар ағзаға сіңбей бала мешел ауруына шалдығуы мүмкін. Бойының, тісінің өсуі тоқтап, сүйектері қатаймай, аяқтары қисық өседі. Сондықтан, дұрыс тамақтану кестесін құрып алғанымыз жөн, балалар.

### 3. ҚОЗҒАЛЫС.

Қозғалыс біздің ағзаны құрайды, қимыл-қозғалыс аппаратын нығайтады, бұлшықеттерді дамытады, денені келбетті және әдемі етеді. Ежелгі дәрігерлер мен философтар, қозғалыссыз және дене жаттығуынсыз адамдар сау бола алмайды деп есептеген. Ежелгі Элладаның алып шыңында мынадай сөздер ойып жазылған: «Егер де күшті болғың келсе — жүгір, әдемі болғың келсе — жүгір, ақылды болғың келсе — жүгір». Ендеше қозғалыстың артықшылықтары:

1. Сымбатты түзейді;

2. Жүрек пен өкпе жұмысын жақсартады;

3. Дене күші артады;

4. Дене төзімділігі артады;

5. Буындардың иілгіштігі, буындардың, байламдардың ең жоғары амплитудада қозғалысты қамтамасыз ету қабілеті артады;

6. Бұлшық ет тонусы артады, бұл дегеніңіз дене жаттығуын жасайтын адам денесін тік, дұрыс ұстайды деген сөз;

7. Иммундық жүйе нығайып, қан айналымы жақсарады, қандағы холестерин мөлшері азаяды;

8. Іш қату, жамбас қуысындағы көтеуге алып

келетін қан айналымының бұзылыстары жойылады;

9. Жағымды көңіл-күй пайда болады;

10. Негізгі алмасу үдерістері жақсарады, демек, қышқылдану үдерістері күшейіп, жасушааралық кеңістікте қалдықтар аз шөгетін болады.

#### 4. ТЫНЫШ ҰЙҚЫ

Дұрыс ұйқы – денсаулық кепілі. Оқушыларға ұйқысы қану үшін 9-10 сағат қажет. Ал ересектерге 7-9 сағат жеткілікті. Ұйқының уақыты, орны, ұзақтығы сынды қасиеттері сақталған жағдайда ғана түнгі ұйқы нағыз демалыс бола алады. Қарапайым, бірақ көбіміз ұмытатын ұйқы ережелерін әдетке айналдырайық:

1. Күнделікті бір уақытта ұйықтап, бір уақытта тұру;

2. Демалыс күндері ұйқыдан күнделікті уақытта ұйықтап, ерте ояну;

3. Ұйқы уақытын күн тәртібіне қарай реттеп алғаннан кейін, қаншалықты ерте тұрса да, ұйқы қанатын болады.

4. Жақсы ұйқы үшін бөлме температурасы 18-22 С градус болуы тиіс.

#### 5. КӨҢІЛ-КҮЙ

Жақсы көңіл-күй адам ғұмырын ұзартады әрі тәннің ауруға қарсылық қуатын күшейтеді. Ал жуық жылдардан бері, көңіл-күй мен денсаулық арасында қатыстылық болатындығын ғалымдар тағы бір тұрғыдан растады. Жақсы көңіл-күй, адал ниет, ақ көңіл адам өмірінің нұрлы болуына, басқалармен тез тіл табыса білуге, сол арқылы өзін қоршаған ортамен жарқын жарастыққа, бауырмалдыққа, достыққа жетелейді екен. Табиғатта мейіріммен, адамдарға жақсы ниетпен күлімдей қарап жүру көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

#### 6. КҮЙЗЕЛІСКЕ ТҮСПЕУ

Статистика бойынша, әлемдегі әрбір 5-ші бала 12-18 жас аралығында күйзеліске түседі. Бұл ұлдан гөрі қыздарда екі есе жиі байқалады. Олардың көбі қажет көмекті ала алмайды. Өйткені біз жан ауруын елемейміз. Жасөспірімдік кезеңде ағзасында ересектік өмірге дайындық, эмоционалды қайта түзілулер орын алатындықтан, бала өміріне айтарлықтай өзгеріс әкеледі. Бірі тұйықталса, бір бала ашыла түседі. Оған айналасындағы адамдар мен түрлі оқиға әсер етуі мүмкін. Жалпы күйзеліс неден, қалай пайда болатындығы туралы тоқталсақ, сабаққа деген қызығушылықтың болмауы, құндылықтарды жоғалту, өшпенділік, т.б. Көбісі мектепті жек көреді, бұл сезім көбісін күйзеліс факторына әкеледі. Бұндайда не істеу қажет? Бұдан шығу жолы қандай: ол үшін өзіңіз өзгеруіңіз қажет және ұстанатын өмір салтыңызды өзгертуіңіз қажет! Егер өзіңіз жек көретін ұнамайтын нәрсені жасағанда сіздің ағзаңыз шаршап созылмалы ауру пайда болып зардап шеге бастайды. Сіз айналысып жатқан барлық дүниені сүюіңіз қажет. Немесе басқа, сіз сүйіспеншілікпен істегіңіз келетін нәрсемен айналысуыңыз қажет. Көне шығыс даналығы солай дейді. Өзіңе ұнаған нәрсемен айналысып өзіңізге қуаныш сыйлаңыз. Оқуға, пәнге деген қызығушылық сізді белгілі ауру, шаршау және «іш пыстырарлық» дүниеден құтқарады.

### III. СЕРГІТУ СӘТІ: «КӨҢІЛДІ КҮН»

#### IV. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

- Балалар, сендер денсаулық туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

(Оқушылар бір – бірден тұрып, мақал-мәтел айтады).

1. Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.

2. Ісің түсіп тақсырға барма,

**Мұғалім: – Енді, балалар, денсаулық туралы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді тыңдайық. Қане, айта қойыңдар.**

- Жарлының байлығы – денінің саулығы.
- Ауру атанды да шөктірер.
- Қотыр қолдан жұғады,  
Таз тақиядан жұғады.
- Екі ауру бір келсе, ажалыңның жеткені.
- Емнің алды – еңбек.
- Ауру желмен келіп, термен шығады.
- Аман болса бұл басым,  
Тағы шығар бұл шашым.
- Қайғы қартайтады,  
Қуаныш марқайтады.
- Таңертеңгі асты тастама,  
Кешкі асқа қарама.
- Жалқаулық — жаман ауру.
- Қимыл шынықтырады,  
Ұйқы тынықтырады.
- Ауырып, ем іздегенше,  
Ауырмайтын жол ізде.

#### IV. Қорытындылау:

– Балалар, біз бүгін қандай тақырыпта сөз қозғадық?(Денсаулық)

Сонымен денсаулық деген не?

Денсаулық – адам ағзасының қалыпты, дұрыс жұмыс істеуі.

Денсаулық – дұрыс тамақтану.

Денсаулық – тәулігіне 10 сағат ұйықтау, ұйқы ең алдымен миды тынықтырады.

Денсаулық – таза ауада көбірек жүру.

Денсаулық – тазалық сақтау.

Денсаулық – үнемі көтеріңкі көңіл-күй және күйбелеңнен аулақ жүру.

Деніміз сау болсын десеңдер, міне жоғарыда айтылғанның бәрі денсаулық үшін істелетін жұмыстар. Таза ауада демалу, спортпен шұғылдану, денені күтіп ұстау, еңбек ету, дұрыс тамақтану барлығы салауатты өмір салтына жатады. Осы айтқандарды күнделікті тұрмыста пайдалануымыз керек.

Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойылыпты: «Адамға өмірде не қымбаттырақ байлық па, әлде атақ па?» депті. Сонда Сократ «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей, ауру патшадан бақыттырақ» деп жауап беріпті. Яғни адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек. Сонымен «Денсаулық бар байлығым» деп бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.



# ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ





**ҚАДЫРАЛИЕВ Елемес Қадыралыұлы,**  
*Б.Момышұлы атындағы №46 жалпы орта білім беру мектебінің география және биология пәндерінің мұғалімі.*  
*Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы.*

<b>Бөлім:</b>	1. Географиялық зерттеу әдістері
<b>Бөлімше:</b>	1.1 Зерттеулер және зерттеушілер
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	7.1.1.2-саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді
<b>Сабақтың мақсаты</b>	- география ғылымын дамытуда саяхатшылар мен зерттеушілердің қосқан үлестерін сипаттайды; (*ЕБК) - география ғылымының дамуына саяхатшылар мен зерттеушілердің қосқан үлесін баға береді; (*ЕБК)
<b>Бағалау критерийлері</b>	- Саяхатшылар мен зерттеушілердің олардың зерттеулерін жіктейді - Саяхатшылардың география ғылымына қосқан үлесін бағалайды
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Жоғары деңгей дағдылары Талдау, бағалау

## Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<b>Сабақтың басы</b> 10 мин	<b>1.Ұйымдастыру кезеңі:</b> <b>1.Психологиялық ахуал тудыру:</b> «Таңғажайып саяхат» ойынын ойнау. Шаттық шеңберіне жиналып, оқушылар саяхатқа кеме арқылы шығып, жолында кездескен кедергілерді анықтап, олардың шешу жолдарын қарастырады. Осы кездегі оқушылардың көңіл-күйлері сұралады. Мұғалім: Оқушылар сіздерге саяхат ұнады ма? Сіз қай жерге саяхат жасағыңыз келеді? (шөл, тау, теңіз, мұхит) Неліктен ол жерді таңдадыңыз? Осы арқылы, сабақтың тақырыбы ашылып, сабақ мақсаты анықталады. <b>2. Миға шабуыл «Көпір».</b> Оқушылардың бұрынғы алған білімін байланыстыру арқылы төмендегі жабық сұрақтар қойылады. 1. Алғаш картаны кім жасады? 2. Алғаш глобусты кім жасаған? 3. Алғашқы глобус қайда сақтаулы?	Әдіс арқылы қайталау  Сұрақ жауап орындайды	Қол шапалақ	Оқулық Атлас Суреттер Интерактивті тақта
<b>Сабақтың ортасы</b> 23 мин  10 мин	Саяхатшылардың зерттеуіне қатысты видеоролик көреді. <b>1-тапсырма. Кластер әдісі</b> бойынша жұптық жұмыс орындау. Әр жұпқа бір-саяхатшыдан кластер шаблону беріледі: (Х. Колумб, Ф. Магеллан, Васко да Гама, Д. Кук, Ш. Уәлиханов, Қ. Сатбаев, т.б.). Саяхатшылар зерттеулеріне кластер жасап, топтастырады.	Видеороликтен тақырыпқа сай берілген түсініктерді дамыту арқылы, кластер құру барысында ой-өрісін жетілдіру арқылы бәсекелеседі.		<a href="https://www.youtube.com/watch?v=asaYvIHGPAo">https://www.youtube.com/watch?v=asaYvIHGPAo</a>







	 <p><b>Бағалау критерийі:</b> Саяхатшылар мен зерттеушілерді, олардың зерттеулерін жіктейді</p> <table border="1" data-bbox="326 560 797 592"> <tr> <td>дескриптор</td> <td>балл</td> </tr> </table>	дескриптор	балл		<p><b>Бағалау:</b></p>															
дескриптор	балл																			
<p>10 мин</p>	<table border="1" data-bbox="326 622 797 904"> <tr> <td>- Әр жұп бір саяхатшының өмір сүрген жылдарын анықтайды;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>- Сол саяхатшының зерттеу уақытын жазады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>- Зерттеу аймағын жазады;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>- Ашқан жаңалығын сипаттайды;</td> <td>1</td> </tr> </table> <p>(Бұл тапсырманы барлық оқушы орындайды. Кейбір оқушылар 1-3 дескрипторды орындайды. ЕБҚ оқушы саяхатшының зерттеген аймағын айта алады.)</p> <p><b>2-тапсырма. «Т кестесі»</b> арқылы саяхатшылардың зерттеуінің оң (+) және теріс (-) жақтарын анықтайды.</p> <table border="1" data-bbox="386 1074 565 1189"> <tr> <td>(+)</td> <td>(-)</td> </tr> </table> <p><b>Бағалау критерийі:</b> Саяхатшылардың география ғылымына қосқан үлесін бағалайды.</p> <table border="1" data-bbox="326 1246 784 1418"> <tr> <td>дескриптор</td> <td>балл</td> </tr> <tr> <td>-саяхатшылар зерттеуінің оң тұсына баға береді;</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>-саяхатшылар зерттеуінің теріс жақтарына баға береді.</td> <td>1</td> </tr> </table> <p>(Барлық жұп орындайды. Кейбір оқушылар бір-бірден мысал келтіреді. ЕБҚ оқушы тек оң тұсына баға бере алады.)</p> <p><b>ФС:</b> Бұл тапсырманы орындау кезінде оқушылар ақпаратты саралап, оның оң және теріс жағын ажыратады. Сол арқылы оқушылардың бойында функционалды сауаттылық қалыптасады.</p>	- Әр жұп бір саяхатшының өмір сүрген жылдарын анықтайды;	1	- Сол саяхатшының зерттеу уақытын жазады;	1	- Зерттеу аймағын жазады;	1	- Ашқан жаңалығын сипаттайды;	1	(+)	(-)	дескриптор	балл	-саяхатшылар зерттеуінің оң тұсына баға береді;	1	-саяхатшылар зерттеуінің теріс жақтарына баға береді.	1	<p>Тапсырманы орындап, кесте толтырады, логикалық ойлай білуі мен сыни көзқарасы, таныта білу дағдылары қалыптасады.</p>	 <p>«Бағдаршам» әдісі арқылы жұп өзін-өзі бағалайды.</p> <p>«Жасыл» – бәрі түсінікті, жұмыс жүріп жатыр. «Сары» – бір сұрақ бар «Қызыл» – көмек керек.</p> <p><b>Бағалау:</b> «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды.</p>	
- Әр жұп бір саяхатшының өмір сүрген жылдарын анықтайды;	1																			
- Сол саяхатшының зерттеу уақытын жазады;	1																			
- Зерттеу аймағын жазады;	1																			
- Ашқан жаңалығын сипаттайды;	1																			
(+)	(-)																			
дескриптор	балл																			
-саяхатшылар зерттеуінің оң тұсына баға береді;	1																			
-саяхатшылар зерттеуінің теріс жақтарына баға береді.	1																			
<p>Сабақтың соңы 8 мин</p>	<p><b>Кері байланыс</b> БББ кестесі</p> <table border="1" data-bbox="326 1685 769 1800"> <tr> <td>Білдім</td> <td>Білемін</td> <td>Білгім келеді</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p><b>Рефлексия</b> «Термометр» әдісі</p> 	Білдім	Білемін	Білгім келеді				<p>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</p>  <p>Термометрдің градус тұстарына стикерлерін іледі.</p>												
Білдім	Білемін	Білгім келеді																		



# ТАБИҒИ БІРЛЕСТІКТІҢ ҚАНДАЙ ТҮРЛЕРІ БОЛАДЫ?

**ЕРЕЖЕП Ақбөпе Базарбайқызы,**  
 №2 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің  
 бастауыш сынып мұғалімі.  
 Түркістан облысы, Төлеби ауданы.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		3.2.1.3 Өз өлкесіндегі табиғи бірлестіктерді сипаттау;		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p><b>Сабақтың басы</b></p> <p><b>Қызығушылықты ояту 9 мин</b></p>	<p>Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p><b>Жұмыс ережесін келісу</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</li> <li>• Уақытты үнемдейміз!</li> <li>• Нақты, дәл жауап береміз!</li> <li>• Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз!</li> <li>• Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!</li> </ul> <p><b>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</b></p> <p>Өсімдік тіршілігі үшін қандай жағдайлар сақталуы қажет?                  Қоршаған орта жағдайлары қай кезде өзгереді?</p>	<p>Психологиялық ахуалға берілген тапқартарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару.</p> <p>Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.</p>	 <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау</p>	<p>Психологиялық ахуал</p> <p>Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>Мағынаны ашу</b></p> <p><b>28 мин</b></p>	<p><b>Ширату тапсырмасы</b></p> <p><b>«Иық тірескен шеңбер»</b></p> <p>Оқушылар шеңберге бір-бірінің иығына қолдарын салып, құшақтасқан түрде тұрып, сабақ туралы өз пікірлерін білдіреді. Мұғалімнің де бұл шеңберден орын алғаны дұрыс.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>○ Өсімдіктер қоршаған орта жағдайларына қалай бейімделеді?</li> <li>○ Өсімдіктер арасында қандай өзара байланыс қалыптасқан?</li> </ul> <p><b>Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)</b></p> <p>Бірлестіктердің фотосуреттерінен альбом жасаңдар.</p> <p>Тығыз өскен ормандағы өсімдіктер өздеріне қажет қоректік заттарды қалай алады?                  Дала бірлестігіне қандай өсімдіктер кіреді?</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бірлестіктердің түрлерін ажыратады.</li> <li>✓ Тығыз өскен ормандағы өсімдіктер өздеріне қажет қоректік заттарды қалай алатынын түсіндіре алады.</li> <li>✓ Дала бірлестігіне қажет өсімдіктерді атап береді.</li> </ul> <p><b>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</b></p>	<p>Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары (топта, ұжымда)</p> <p>«Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі арқылы суретпен және мәтінмен жұмыс жасайды</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p>	<p>Формативті бағалау</p> <p>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау</p>  <p>ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау</p>	<p>Оқылым, жазылым тапсырмалары</p>









	<p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау</p> <p><b>Зертте.</b> «Ормандар өзендерді қалай қорғай алады?» деген сұраққа зерттеу жұмысы барысында жауап табады. Зерттеу жұмысына кіріспес бұрын, сыныпты кіші топтарға бөліңіз. Барлық топқа жұмыс жасауы үшін өзен, көл жағасындағы орман суреттерін беріңіз.</p> <p><i>Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулық.</i></p> <p>Өсімдік өзі өскен табиғи ортадан қандай жағдайларды және қанша мөлшерде (үлкен, шағын көлемді) алатынын топта талдайды.</p> <p>Ватманға орман суреттерін өзен жағасына жапсыру қажет.</p> <p>Орманның қыста қарды, жазда суды қалай жинақтайтынын, ылғалды қалай жұмсайтынын сызықтар арқылы көрсету керек. Оны далалы жердегі қыс және жаз көріністерімен салыстыруды ұсынып көріңіз.</p>			
<p>Сабақтың соңы</p> <p>Ой толғаныс.</p> <p>Рефлексия</p> <p>6 мин</p>		<p>Оқулықтағы қосымша тапсырмалар</p>	<p>ҚБ:</p> <p>Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау</p>	<p>Топтық тапсырмалар</p>
<p>Кері байланыс 2 мин</p>	<p>Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда)</p> <p>Оқушыларға «Ашық микрофон» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p> 	<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді</p>	<p>«Ашық микрофон»</p>	<p>«Ашық микрофон» кері байланыс парағы</p>

# КЕЛ, ҚАЙТАЛАЙЫҚ!

**ИСМАИЛОВА Шохсанам Кудратуллаевна,**  
 №104 негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.  
 Түркістан облысы, Сайрам ауданы



<p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</p>	<p>1.1.2.1 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну.</p> <p>1.2.3.1 Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру.</p> <p>1.3.5.1 Мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу.</p>
<p>Сабақ мақсаттары:</p>	<p>Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді.</p> <p>Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап береді.</p> <p>Мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табады.</p>

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p><b>Психологиялық ахуал: «Шаттық шеңбері»</b>  <b>Көңіл-күй таңда!</b></p>  <p>Оқушылар қол ұстасып, бір-біріне жақсы тілектер білдіреді.</p> <p>«Галерея белсенді әдісі» арқылы топқа біріктіру. Оқушылар мектепке және саябаққа қатысты суреттерді таңдап, «мектеп», «саябақ» топтарына бірікті.</p>  <p><b>Сабақтың мақсатымен таныстыру.</b></p>	Оқушылар қол ұстасып, бір-біріне жақсы тілектер білдіреді.		«Шаттық шеңбері»
Ортасы	<p><b>Үй тапсырмасын “Баскетбол” әдісі арқылы сұрап, тексеру, бағалау.</b></p> <p>«Мектеп» тобы «Саябақ» тобы</p>  <p><b>Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым.</b></p> <p>Бұл сабақта оқушылар 5-бөлім бойынша өткен тақырыптарды қайталайды, еске түсіреді. Мұғалімнің көмегімен тақырыптармен байланысты сюжетпен жұмыс жасайды. Ең алдымен тыңдайды, қайталайды.</p> <p><b>Бейнебаянды тамашалайды.</b></p>  <p><b>Дескриптор:</b>  Мұғалімнің көмегімен тақырыптармен байланысты сюжетпен жұмыс жасайды.</p> <p><b>Бірлескен оқылым. Суретпен жұмыс.</b>  Суреттер бойынша сұраққа жауап береді.  «Қолшатыр әдісі» арқылы оқушылар жаңбыр тамшыларына жазылған сұрақтарға жауап береді.</p>  <p><b>Дескриптор:</b>  Суреттер бойынша сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Дескриптор:</b>  Оқушылар екі топқа бөлініп, берілген</p>	<p>Мұғалімнің көмегімен тақырыптармен байланысты сюжетпен жұмыс жасайды.</p> <p>Суреттер бойынша сұраққа жауап береді.</p> <p>Оқушылар үш топқа бөлініп, берілген тақырып бойынша сұхбаттасады.</p> <p>Сұрақтарға жылдам жауап береді.</p>	<p>ҚБ</p>  <p>ҚБ</p>  <p>ҚБ</p> 	<p>Оқулық  Аудио диск  1.8.1  1.8.2  1.8.3</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p> <p>«Кім жылдам?» ойыны</p>

	<p>тақырып бойынша сұхбаттасады.  <b>Топтық жұмыс.</b> Сұрақтарға жылдам жауап беру. «Кім жылдам?» ойыны                  Сұрақтар:                  Сен қайда барасың?                  Сен кіммен барасың?                  Мектепке немен барасың?                  Қандай көліктер білесің?  <b>Дескриптор:</b>                  Сұрақтарға жылдам жауап береді.                  Келесі топтық тапсырма: «Атауын тап»                  Оқушылар берілген суреттер атауын қабырғаға ілулі тұрған сөздерден табады.                  «Сәйкестендіру» арқылы оқушылар көлік атауларын дұрыс сәйкестендіруі керек.</p>	<p>Мен саябаққа барамын.                  Мен атаммен барамын.                  Мен мектепке көлікпен барамын.                  Ұшак                  Машина                  Автобус                  Пойыз</p> 		
<b>Соңы</b>	<p><b>Тапсырма. «Бинго» әдісі.</b>                  Сабақты қорытындылау барысында кері байланыс орнату. Мұғалім мен оқушы арасындағы сұрақ-жауап  <b>Кері байланыс</b>                  «Рефлексия лото» әдісі арқылы сандарды таңдау.                  10-керемет 9-жарайсың 8-тамаша</p>	 <p>«Рефлексия лото» әдісі арқылы сандарды таңдайды.</p>		«Рефлексия лото» әдісі

# ПЛАСТИКАЛЫҚ ПІШІНДЕР ӨНЕРІ. МҮСІН ӨНЕРІ



**ИБРАГИМОВА Дилфуза Нишанкуловна,**  
 №104 негізгі орта мектебінің технология пәні мұғалімі.  
 Түркістан облысы, Сайрам ауданы.

<b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</b>	<p>5.1.1.1 Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік)                  5.2.1.1 Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану.                  5.3.3.1 Пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің (суретшілер, колөнершілер, дизайнерлер) жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді (техникасы) сипаттау.</p>			
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p>Оқушылар мүсін өнері және оның түрлері туралы түсініктерін қалыптастырады. Мүсін өнерінің түрлерін ажырата алады, ерекшеліктерін біледі.                  3. Мүсіндеуге қажетті материалдармен танысу, олармен жұмыс жасау тәсілдерін үйренеді.</p>			
<b>Сабақ барысы</b>				
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Педагог іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>бағалау</b>	<b>Дереккөздер</b>
<p>Сабақ басы</p> <p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Сәлемдесу. Түгендеу.  <b>Ой шақыру.</b> Мұғалім оқушыларға оқу мақсаттарын көрсете отырып, бірге содан сабаққа мақсатты анықтауды ұсынады.  <b>Мүсін туралы видеоролик</b>                  •ағаштан жасалған мүсін;                  •құмнан жасалған мүсін;                  •металдан жасалған мүсін;                  •мүсіннің дәстүрлі емес формалары</p>	<p>Алдағы жұмыстарды түсініп, орындау мақсатында оқушылар видеороликтер мен көшірмелерді көреді.                  Сыныпта 3-6 оқушыға топтастырылады, ұсынылған ақпараттарды оқушыларға таратып, топтарда талқылатып, өздерінің жалпылама ойларын білдіруді ұсыну.</p>	Өзін-өзі бағалау	<p>оқулық</p> <p>Астанадағы ең әдемі ескерткіштер <a href="http://reactor.inform.kz/detail/3656">http://reactor.inform.kz/detail/3656</a></p>



Көрсетілген оқу мақсаттарына қарап, оқушылар сабақ мақсаттарын анықтайды.

Мақсат: **мүсін өнері және оның түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру**

Мүсін өнерінің түрлері туралы ақпараттар беріледі: Мүсін, кішігірім формалы, бюст, монументті, интерьер мүсіні, рельеф, ескерткіш.

Визуальді көріп танысу, салыстыру көрінісі және мүсін өнерінің түрлерін білу.

-Өнердің қандай туындылары сендерді қаратты?

-Неге?

-Жұмыстардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары бар?

**Анықта...**

Материалмен бірнеше тәсілді қолданып жасалған жұмыстарды көрсетеді және өздері қолданатын материалды ыңғайлы, үнемді қолдануларын ескертеді.

Мысалы: пластикалық өнерді жасау кезінде образды формаларды, әртүрлі материалдар мен құралдарды (сазбалшық, ермексаз, қағаз, сымдар, әйнек, ағаш, тас, сүйектер, металл, пластик және т.б) көрсетіп, таныстыру....



Осы тапсырма бойынша мұғалім көшірмелер таңдап, жинайды. (әсіресе, әртүрлі материалмен орындалған статуэткалар, әртүрлі бейнедегі мүсін фотосуреттері).

Алынған білімнің дәрежесі мен сапасын көрсету;  
Оқушылар өздерінің сыныптастарының қандай дәрежеде жұмыс жасап жатқандарын, олардың сапалары туралы пікірлесе алады. Сонымен қатар сабақ барысында салыстырмалы түрде бір-бірінің жұмыстарын талқылайды. Оқушылар берілген тапсырманы орындап болған соң дайын бұйымдарын жария түрде қорғап, ұсынады.

Тапсырмалар	критерийлер
Эскиздің жасалуы.  Материалдың дұрыс таңдалуы. Орындалған жұмысты талдау.	Композицияның орнығуы. Нақты бейненің орындалуы. Жұмыстың креативті орындалуы. Қорытынды іс-әрекетті дұрыс жасау. Жауаптарын дәлелдемелермен келтіру

№	Рубрикторлар	Мен мақсатқа жеттім
1	Көрсетілген ақпараттар тапсырмаларға қаншалықты сәйкес келеді.	
2	Мүсін өнері туралы қандай анық және шынайы дәлелдемелер көрсетілді?	
3	Тапсырмаларды орындауға уақыттың тиімді қолданылуы	



Видеоролик  
Металдан жасалған мүсіндер  
<https://www.youtube.com/watch?v=95nmiGYpHJI&nohtml5=False>  
Мүсіндер трансформерлер  
Дәстүрлі емес өнер  
<https://www.youtube.com/watch?v=NCVF27GHmSs>  
Құмнан жасалған мүсін  
<https://www.youtube.com/watch?v=IHpDWh-Mvws&nohtml5=False>  
Ағаштан жасалған мүсін  
[https://www.youtube.com/watch?v=fJ3HWU\\_X1Qg&nohtml5=False](https://www.youtube.com/watch?v=fJ3HWU_X1Qg&nohtml5=False)

**Сабақтың соңы**  
**Кері байланыс**  
Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді:  
- нені білдім, нені үйрендім?  
- нені толық түсінбедім?  
- немен жұмысты жалғастыру қажет?

өзара

стикер

# ТОҚЫМА МАТЕРИАЛДАРЫНАН БҰЙЫМ ДАЙЫНДАУ



*ЕГЕУБАЕВА Мейрамкүл Сатыбалдиевна,  
Қ. Аманжолов атындағы жалпы орта мектебінің  
көркем еңбек пәні мұғалімі.  
Түркістан облысы, Шардара ауданы.*

<b>Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары:</b>	6.1.5.1 - Өзінің тәжірибесі мен біліміне сүйеніп, композицияның негізгі заңдылықтарын сақтай отырып, әртүрлі нысандардың дизайны бойынша тапсырмалар орындау.			
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қуыршақ орындаудың техникаларымен танысу;</li> <li>• Авторлық қуыршақтың эскизін дайындау.</li> </ul>			
<b>Сабақтың барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/уақыт</b>	<b>Педагогтың әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Басталуы</b>	Сабақ басында: - Оқушылардың зейінін шоғырландыру мақсатында цифрлық ресурстар арқылы қуыршақтарды көрсету; - Оқушылармен бірге сабақ мақсаттарын/ОМ анықтап алу; - Оқушылардың «жақын даму аймағын», сабақ соңында күтілетін нәтижелерді анықтауды оқушылармен талқылау.	Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді. Ойлану арқылы оқушылар қайталау сұрақтарына жауап береді.	<b>Қалыптастырушы бағалау:</b> Бірін-бірі бағалау	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген сәндік өнер заттары, суреттері 
<b>Ортасы</b>	Оқушылар мен олардың қуыршақтың қандай түрлерін білетінін талқылау. Әртүрлі халықтардың қуыршақтарын қарастыру. Қуыршақтардың жасалу, әшекейлеу тәсілін, дайындалған материалының ерекшелігін және т.б. анықтау үшін сұрақтар: - Қуыршақтар қандай материалдардан жасалады? - Қуыршақ қандай қасиеттерге ие болуы тиіс, неге? - Қуыршақтарыңды қандай матадан тігуді жоспарладыңдар? <b>Тапсырма 1:</b> (Т) Оқушыларға қызықты деректер, тарихи және дәстүрлі халықтық үлгідегі (мысалы, Тильда, Петрушка т.б.) қуыршақтарды постерде орындау.	Оқушылар әр түрлі жанрда сурет салады. Орындау реттілігін сақтайды.  <b>Оқушылар топтарға бірігеді</b> Қуыршақ орындайтын материалдар, ұлттық қуыршақ ойыншықтары суреттерін қолдану	<b>Дескрипторлар:</b> - Қуыршақ түрлерін анықтап алады; - Топта идеяларымен бөліседі; - Постер орындайды; - Постерді сыныпқа таныстырады.	Презентация  Қосымша 1  А3 формат, түрлі-түсті қағаздар және қаламдар, өшіргіш, қайшы, желім
<b>Аяқталуы</b>	<b>Кері байланыс</b>	Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп, білгендерін айтады.	Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	

# АДАМНЫҢ АДАМШЫЛДЫҒЫ –

## ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН



Ұстаз бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны – әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы. Ұстаз өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне бел буған періште. Ұстаз – бұл қасиетті мамандық иесі. Осындай жандардың бірі – Түлкібас ауданы, Аманкелді атындағы (сол кездегі сегіз жылдық мектептің) тарих пәнінің мұғалімі, біздің сынып жетекшіміз болған Ибатбек Бекетбаев ағайым еді. Өткен шақпен еске алу бүгінде қандай қиын, қандай өкінішті...

Биыл менің сол мектепті бітіргеніме 40 жыл толыпты. Ағайымның асыл бейнесі көз алдыма мәңгілік өшпестей сағынышпен қалып қойды. Бұдан екі жыл бұрын менің немерем Сәкенқызы Айару өзім түлеп ұшқан мектептің табалдырығын аттады. Қазір 3-сыныптың озат оқушысы. Алғашқы ұстазы оның екінші анасы – Садыбекова Салтанат Байсерік-қызы. Өзіміздің ауданның Састөбе елді мекенінде туылып, А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебін тәмәмдап, Тараз Мемлекеттік педагогика-калық институтын «Педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі мамандығын» бітірген екен. 2005 жылдан бастап, Аманкелді атындағы негізі орта мектебінде қызмет атқаруда. Мен сөз етіп отырған Салтанат Байсерікқызы жоғарыда айтып өткен менің ұстазым Ибатбек

ағайымның туған келіні екенін кейінірек білдім.

Салтанат апайымыз алғашқы күннен бастап, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, әр баланың ішкі жан дүниесіне үңіліп, олардың ұстазға деген махаббатын оята білді. Ол – өз ісінің шебері.

Әрбір шәкірт өзі сүйген ұстазының аяулы бейнесін көкірек көрігінде, жүрек түбінде сақтауы заңдылық. Шәкірттерін жанындай жақсы көретін апайымыз аяулы ана, сүйікті жар, мейірімді, қамқор әже. Жары Жеңіс екеуі 5 ұл-қызды өсіріп, аяқтандырып үлгілі отбасы болса, қызы Дина Жеңісқызы анасы мен атасының жолын қуған ұстаз.

Ұстаздардың еңбегін ұлы ететін өздері емес, шәкірті. Білім нәрімен сусындатып, үйретуден талмаған ұстаздың сан жылдар бойғы еңбегінің жемісі – аяулы әрі білімді шәкірті. Бәйгеден оза шауып, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік келген шәкірт үшін ұстаздың қуанышы сіз бен бізге елестетуге келмейтін сезім.

Былтырғы оқу жылында Салтанат Байсерік-қызының шәкірттері Саулетбек Мағжан – «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары конкурсына қатысып ауданнан 1- дәрежелі диплом алып, облыста 3 дәрежелі дипломмен марапатталса, аудандық қазақ тілі пән олимпиадасында Бахыт Нұртас 3-орынды иеленген.

Тарихта танымал тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым ізетпен еске алғаны бәрімізге мәлім. Атап айтар болсақ, Ескендір Зұлқарнайын – Аристотельді, Абылайхан – Төле биді, Шәкәрім – Абайды, Бердақ – Күнқажыны, Жамбыл – Сүйімбайды өзіне ақылшы әрі ұстаз тұтқан. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей, олар өздерінің өмірді бағындыраған алар асуларына ұстаздарының сіңірген еңбегі көп екенін жақсы түсінген. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алған екен.

Сондықтан Салтанат апай, сіздің есіміңізді алтын әріппен жазатын шәкірттеріңіз көп болсын. Сізге ата-аналардың, балаларымыздың атынан шығармашылық табыстар тілеп, алдағы уақыттарда да шәкірттер жүрегінен есіміңіз түспей, жүзіңізді мұң шалмай, ұзақ та бақытты ғұмыр кешуіңізді тілейміз.

*Айгүл СҰЛУБЕКОВА,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.*



# ДЕРБЕС КОМПЬЮТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

**МАХМИДДИН Айкерім,**  
*«Шаян» мектеп – лицейінің 8 «Б» сынып оқушысы.*  
**Жетекшісі: Информатика пәні мұғалімі**  
**Султанбекова Бибигуль Жапбаровна.**  
*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*



Кез келген дербес компьютер бірнеше құрылғыдан тұрады. Бұл құрылғылардың кейбірі өте маңызды – бұл монитор, жүйелік блок пен пернетақта, өйткені компьютер оларсыз жұмыс істей алмайды.

Басқа құрылғылар да пайдалы міндеттер атқарады, бірақ компьютер оларсыз да жұмыс істей алады. Компьютердің негізгі құрылғылары компьютердің процессоры мен жедел жадыдан басқалары оның сыртқы құрылғылары болып табылады.

Жүйелік блок дербес компьютердің негізгі құрылғысы болып табылады. Жүйелік блоктың алдыңғы тақтасында қосып өшіру батырмасы бар, дискіжетек, компакт-дискіден оқитын CD-ROM орналасқан.

## **Процессор мен жад**

Компьютер сипаттамасының басында, әдеттегідей, орталық процессордың (central processing unit, CPU) типі мен жиілігін көрсетеді. Одан әрі жедел жадтың (random access memory, RAM) сипаттамасы беріледі. Компьютердің бұл құрауыштары – ең бастылары, өйткені оның жұмысының жылдамдығын осылар анықтайды. Компьютерге әлемдегі ең үлкен қатқыл дискіні, ең күшті бейнеадаптерді және керемет дыбыстық жүйені орнатуға болады, бірақ баяу процессор мен мардымсыз жад кезінде барлық осы байлық пайдасыз болады.

## **Жад**

**Жад** деп мәліметтердің кез келген қоймасын айтады, бұл көбінесе тез (еркін) қатынас құруға болатын мәліметтерді уақытша сақтауға арналған құрылғы. Егерде процессорға әрбір бит үшін қатқыл дискіге қатынауға тура келетін болса, онда компьютер өте баяу жұмыс істеген болар еді. Осының орнына мәліметтер, процессор әлдеқайда тез жұмыс істейтін, жедел жадта сақталады. Жад түрлерінің көпшілігі мәліметтерді уақытша сақтауға арналған.

## **Жедел жад (RAM)**

Компьютердің жедел жады (қысқартылған түрде – ОЗУ немесе RAM) мәліметтерді қысқа мерзімге сақтау үшін қызмет етеді. Кез келген бағдарламаның, ОЖ-ні қамти отырып, жұмыс істеуі үшін іске қосу кезінде бағдарламаның бір бөлігін жүктеуге жетел жадтың біршама көлемі талап етіледі. Бұл қатқыл дискіге қатынамастан бағдарламаның маңызды мәліметтеріне қатынас құру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Компьютерде бір мезгілде неғұрлым көп бағдарлама жұмыс істесе, соғұрлым үлкен жедел жад талап етіледі.

Жедел жадтың көлемі мегабайтармен (Мб) өлшенеді. Қазіргі заманғы қосымша бағдарламалардың көпшілігі жұмыс істеу үшін, ең шекті өлшемде, іске қосылған бағдарламалардың әрбір данасы 64 Мб жедел жад талап

етеді.

**Монитор** мәтіндік және графикалық ақпаратты экранға шығаруға арналған, пайдаланушы мен компьютер арасындағы ақпараттық байланысты қамтамасыз етеді. Бейнелеу құрылғысы болып табылады. Мониторлар түрлі-түсі және бір түсті болады, бір бірінен мөлшері бойынша да ерекшеленеді (әдетте кинескоптың диагоналы 9-дан 42 дюймға дейін (немесе 23-тен 106 см-ге дейін)). Мониторлардың тағайындалуына байланысты реттеудің, түрлі-түсін түзетудің және т.б. әртүрлі құралдарымен жаратқандырылған. Әртүрлі мониторлардың ажыратқыштығы да әртүрлі, яғни кескіндерді енгізетін нүктелердің саны көлденеңі мен тігі бойынша – ең үлкен кәсіби мониторларда 640\*480 нүктеден 1600\*1280 нүктеге дейін барады. Ажыратқыштығы неғұрлым жоғары болса, экрандағы кескін солғұрлым айқын болады.

## **Пернетақтамен және мауыспен танысу**

IBM PC-тің *пернетақтасы* пайдаланушы компьютерге ақпарат енгізу үшін арналған. Әзірше компьютердің адам дауысын тану міндетін қанағаттандыруы шешілген жоқ, сондықтан компьютерге алфавиттік-сандық ақпаратты енгізудің негізгі тәсілі — пернетақтада басып шығару.

Пернетақтың әрбір пернесі оймақтай (механикалық немесе мембраналық) ажыратып-қосуға арналған қақпақ болып табылады. Пернетақтадағы шағын микро-процессор осы ажыратып-қосқыштардың қалып күйін қадағалайды да әрбір пернені басып немесе жіберген кезде компьютерге сәйкес хабарды (үзуді) жөнелтеді, ал компьютердің (операциялық жүйенің) бағдарламасы бұл хабарларды өңдейді. Қазіргі компьютердің пернетақтасында 101 немесе 105 перне болады. Пернелер бірнеше топқа бөлінеді. Символдық пернелер. Функционал пернелер. Нұсқаушы немесе меңзерді экранда басқару пернелері. Цифрлық пернелер.

## **Мауыс**

Қазіргі заманғы бағдарламалардың көпшілігімен жұмыс істеу үшін іс жүзінде мауысты немесе оны алмастыра алатын құрылғыларды (трекболды, сенсорлық тақтаны және т.б.) пайдалану міндетті болып саналады. Бұл құрылғылар көрсеткіш құрылғылар деп аталады, өйткені олар компьютер экранында сол немесе басқа элементтерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Үстелдік компьютерлерде ең жиі пайдаланылатын көрсеткіш құрылғы қолға қолайлы екі немесе үш батырмасы бар шағын қорап болып табылатын манипулятор — маус болып саналады.

# «ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫНА СЕНЕМІН»



Қыркүйек айында Алматы қаласында еліміз бойынша тұңғыш рет тоғызқұмалақтан оқушылар арасында әлем чемпионы өтті. Оған 17 елден, 200-ден астам спортшы қатысты. Нәтижесінде Қазақстан командасы сегіз алтын медальмен жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды.

Түркістан облысының спортшысы Зауытбек ЛЕС (суретте) әлемдік бәсекеде тоғызқұмалақтың рапид түрінен екінші, блиц бағыты бойынша үшінші орын алып, ел мерейін асқақтатты.

— Зауытбек, әлемдік деңгейдегі жеңісін құтты болсын! Қарсыластарыңды жеңу қиын болды ма? Жарыс қай деңгейде өтті?

— Рақмет! Бұл чемпионатқа қатысу биыл басты мақсатым болған еді. Көп дайындалдым. Рапид түрінен қарсыластарымды жеңу оңай болды, өйткені көбі шетелдіктер екен. Тоғызқұмалақ негізінен орта Азия елдерінде жақсы дамығандықтан, мықты қарсыластар да сол жақтан. Ал блицтен жалпы он бір тур ойнасам, барлығы дерлік өте тартысты өтті. Қарсыластар бірінен-бірі өткен мықты болды. Не дегенмен әлем чемпионы ғой, тартысты бәсеке ретінде есте қалды.

— Тоғызқұмалақты қашан, қалай бастадың? Жаттықтырушың кім?

— 2018 жылы тоғызқұмалақ үйірмесі ашылғанын естіп, жай ғана не екенің білгім келді. Өйткені бұған дейін тоғызқұмалақ туралы еш жерден естіп, көрген емес едім. Отбасымның рұқсатымен үйірмеге жазылдым. Алғашқы жаттықтырушым Ешанов Ержан ағай ережелермен таныстырып, қызығушылығымды оятты. Біртіндеп жарыстарға қатыса бастадым. 2019 жылы жаттықтырушым Сманов Ғабдуллин ағай болып ауысты. Былтырғы жылдан бастап тоғызқұмалақтан Қазақстанға еңбек сіңірген спортшы Әсел Далиеваның бапкерлігіндемін. Жаңа бапкеріммен үздіксіз даярлықтың арқасында міне, әлемдік тұғырдан көріндім.

— Тоғызқұмалақ сенің өміріңе қандай өзгерістер алып келді?

— Тоғызқұмалақ менің логикамды дамытуға қатты әсер етті. Осы ойынның арқасында еліміздегі бірнеше қалада болдым, достарым көбейді. Түрлі адамдармен араласуды үйрендім, көзқарасым кеңейді. Әр жарысқа нақты мақсатпен барамын. Бұл спорт маған мақсат қоюды және оған жетуді үйретті. Мен үшін тоғызқұмалақ тек зияткер ойын түрі ғана емес, өмірлік ұстанымдарымды қалыптастыруда да үлкен көмекші.

— Бұдан өзге жетістіктерің туралы да айтып өтсең...



– Ең алғаш аудандық жарысқа қатысып, орын алғанда төбем көкке жетердей қуанғаным есімде. Осы жетістігім басқа үлкен жеңістеріме жол ашты. Бұдан кейін облыстық сайыстарда топ жардым. 2019 жылы Павлодар, 2021 жылы Семей, 2022 жылы Алматы, 2023 жылғы наурыз айында Тараз қаласында өткен республикалық жарыстардан жүлделі орындардан көріндім.

– **Тоғызқұмалақ ойнаған оқушылардың көбі алғырлығымен, зеректігімен ерекшеленеді. Сенің сабақ үлгерімің қалай?**


– Сарыағаш ауданы, Жаңатұрмыс ауылы, N53 Мәлік Ғабдуллин атындағы жалпы орта мектептің 9-сынып оқушысымын. Сабақты беске, үздік оқимын. Қатты қызығып оқитын пәндерім физика мен математика. Маған тоғызқұмалақ та, сабақ та қатар ұнайды. Жарысқа кеткен кездері сабақтан қалғым келмей, кимай қалатыным бар.

– **Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Сен жеңілісті қалай қабылдайсың?**

– Иә, ол рас. Жеңіліс бар жерде көңілге алмауға тырысамын. Бос ой өзінді іштей кінәлауға әкеледі. Бұл жолы жіберген қателігімнен сабақ алып, келесі жолы қайталамауға тырысамын. «Жеңілгенді жер көтереді демекші», мықты спортшы болу үшін қателіктерің мен жеңілісіңді де мойындай білу керек шығар. Бапкерім Әсел апай айтпақшы, «Бізде жеңіліс деген жоқ, тоғызқұмалаққа, ұлттық құндылыққа қызмет ету ғана бар».

– **Әлемді бағындырдың, ендігі мақсаттарыңды ескеледің бе?**

– Әр адамның таусылмайтын арманы бар. Ендігі мақсатым ересектер арасындағы әлемдік чемпионатта бірінші орын алу, Қ.Р. Еңбек сіңірген спорт шебері



*Әсел ДАЛИЕВА,  
Лес Зауытбектің бапкері,  
тоғызқұмалақтан  
әлемнің он дүркін чемпионы:*

– Зауытбек – өте алғыр шәкірттерімнің бірі. Алдына мақсат қойып, соған барын салатын жігіт. Қаңтар айында осы биылғы 2023 жылға жоспар құрғанда, ең басты мақсатымыз 15 жас арасында чемпион атану, Азияны жеңу болатын. Алланың қалауымен 15 жаста чемпион атанды, бірақ Азияда орын ала алмады. Алайда сол ойында чемпион болған себепті, Әлем чемпионатына жолдама ала алды. Қазақстаннан екі ғана ойыншы ойнаса, соның бірі осы Зауытбек. Ратид бойынша күміс иеленсе, блиц түрінен 60-тан астам мықты Қазақстан және шетел спортшыларының арасында топ жарып, алдыңғы үшінші орынға ие болды. Алдағы жоспарлары да жақсы. Шәкіртіме сенемін және сәттілік тілеймін!

атағына жету. Тоғызқұмалақтан көптеген шәкірттер тәрбиелеп, шет елдерге шығу.

– **Ұлттық ойынның болашағын қалай елестетесің? Замандастарыңды бұл ойынды меңгеруге қалай қызықтырар едің?**

– Тоғызқұмалақтың келешегіне кәміл сенемін. Ата-бабаларымыз сан мыңдаған жыл бұрын ойлап тапқан зияткерлік ойынның деңгейі енді тек жоғарылайды деп ойлаймын. Қазір бұл спорт түріне бүкіл дүниежүзі қызығуда. Тіпті осы әлем чемпионатында Колумбия мен испаниялық спортшылар орын алды. Сонымен қоса бұл ойын Батыс Еуропа елдері мен Орталық Азияда қатты дамып келеді.

Өзге замандастарымды қызықтыру үшін ойынның тарихын түсіндіріп, жарыстағы қызықтарды айтып берер едім. Содан кейін тоғызқұмалақты дене шынықтыру пәнінде әр қазақ баласы үйренуге міндетті ойындар қатарына қосар едім.

– **Зауытбек, әңгімеңе рақмет! Тек биіктен көріне бер!**

Сұхбаттасқан  
А.ТАСТАНБЕК



# ДАРЫНДЫ БАЛА -

*Әр балада дарындылық ұшқыны бар. Мұғалім, ата-ана, қоғам, барлығымыздың мақсатымыз дарынды баланы танып, оның қабілетін ашуға көмектесу, шыңдау, білім баспалдағына жетелеп, биік шыңына көтеру. Ендеше, біз де журналымыздан «ДАРЫНДЫ БАЛА- ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ» айдарын ашып, жеңістері мен жетістіктерін жариялап, білімнің биік шыңына баспалдақ болуды мақсат тұттық. Дарындармен таныс болыңыздар!!!*



**ЖАУЛИБАЙ Асылжан.**

Асылжан сыныптың алғыр, ұқыпты оқушысы. Өлең жаттау, ертегілер жинағын оқып, түсінігін айтқанды жақсы көреді. Халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігі өте жоғары. Асылжанның бойында кітапқұмарлық, білімге деген құштарлық, өз ұлтына деген махаббат бойлап тұр. Оқушымының үлкен арманы – жазушы болу. Болашақта балаларға арналған ертегі, әңгімелер жазатынына сенемін.



АРТЫКБАЕВА Зоя Мырзахановна,  
Түркістан облысы, Жетісай ауданы №57 "Сарыарка"  
жалпы білім беретін мектебінің 1 «Ә» сынып жетекшісі  
дарынды оқушыларымен бірге

**ЕРБОЛ Камила.**

Камила оқушымы сыныптың биші қызы. Биге деген махаббаты анасынан дарыған, ол Қазақтың ұлттық билерін өз нақышына келтіріп билейді. Хореографиядан сабақ беретін білікті ұстаз. Екі жасынан бастап анасының қасында жүріп бидің қыр – сырын үйренген таланты оқушымы. Әр ұлттың биін билегенді ұнатады. Қазіргі таңда жасына қарамай мектептің жанынан ашылған би үйірмесінің ең үздік бишісі атанды. Болашақта еліміздің мақтанышы болатынына сенемін.



**ЖАҚСЫЛЫҚ Айару.**

Айару сыныптың үздік, белсенді, ізденімпаз, математика пәніне деген қызығушылығы мол оқушы. Ол сабақта көп таңбалы сандарды ауызша қосып, алып, мәселе есептерді шығаруды ұнатады. Айару өте алғыр. Ата-анасы мен ұстаздары болашақта Асқар Жұмаділдаев сынды дүниежүзіне танымал математик болатынына сенеді.



**АМАНҒАЛИ Ислам.**

Ислам көп оқушының ішінен суретті жақсы салумен ерекшеленеді. Оның суреттері мектептің мұражайында, кітапханада ілулі тұр. Аудандық балалар конкурстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болған.

Исламның бойындағы бейнелеу өнеріне деген қызығушылығы артып келеді. Болашақта атақты суретшілердің қатарынан орын алатынына сенеміз.



# ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ



**ФАЙЗУЛЛАЕВ Бекруз**  
*Хикматуллаевич*

Греко-рим спорт түрімен айналысады. Облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы, 2022 жылы МЖӘ ұйымдар арасындағы облыстық жарыстың III орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері, 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, озат оқушы. Ұстанымы: Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды және көңіл күйі көтеріңкі болады.



**ХАННАЗАРОВА Салиха**  
*Рашианбековна*

2022 жылы мектепшілік ана тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының I-орын иегері. 2022 жылы мектепшілік «Алтын күз» атты сурет байқауының I-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасы I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын олимпиадасының III дәрежелі диплом иегері. Ұстанымы: Кітап – өмір ұстазы. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.



**РАХАТОВА Омина Ойбековна**

2022 жылы мектепшілік орыс тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының I-орын иегері. 2022 жылы мектепшілік «Менің отбасым» атты сурет байқауының I-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын олимпиадасының III дәрежелі диплом иегері. Ұстанымы: Ақыл, білімнен қымбат байлық жоқ, оны сатып ала алмайсың.



**МАККАМОВ Надирбек**  
*Айбекович*

2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының математика пәнінен I-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, озат оқушы. Ұстанымы: Білім тозбайтын, жойылмайтын, ескірмейтін байлық, бұл байлық иесі ешқашан жеңілмейді.



**АБУБАКИРОВ Мехридин**  
*Рашианович*

2022 жылы ағылшын тілі пәні бойынша мектепте өткізілген пән олимпиадасының I-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, озат оқушы. Ұстанымы: Білімді үйрену үшін еңбек-құмар болып, дененді жалқаулыққа билетпеуің керек.



**ПАРХАТОВ Оятбек Суръатович,**

2022 жылы математика пәні бойынша мектепте өткізілген пән олимпиадасының 2-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, озат оқушы. Ұстанымы: Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды.


## ЧЕЛЛЕНДЖ! ЧЕЛЛЕНДЖ! ЧЕЛЛЕНДЖ!

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА, ЖАС ҰРПАҚ

Жақсылық – айналамызға қуаныш сыйлап, күнделікті өмірімізге мән кіргізеді. Кейде адамдарға жасаған кішкентай ғана жақсылығымыз оның өмірін, көзқарасын түбегейлі өзгертуі мүмкін.

«Білім шыңы» журналы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жақсылық жаса, жас ұрпақ!» челленджін жариялайды.

Челлендждің мақсаты – Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттеріне баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлық танытуға, жан-жануарларға, өзінен кіші балаларға мейірімділік көрсетуге бейімдеу. Бір-бірінен үлгі алуға шақыру. Әлеуметтік желіні тиімді пайдаланып, мағыналы дүниелер ұсынуға баулу. Челлендж арқылы әлеуметтік желілерде қазақтілді пайдалы контентті көбейтіп, зорлық-зомбылықты азайтуға бірге жұмыламыз! Ендеше өзіңді үлгілі, қайырымды оқушы ретінде танытуға асық!



## Үлгі

### КІШІЛЕРГЕ ҚАМҚОР БОЛ!

Бір күні сабақтан қайтып келе жатқанда мектептің алдынан жылап тұрған оқушыны көрдім. Қасына барып сұрап едім, 1-сыныпта оқиды екен. Анасы «қайтарда көршіміз алып кетеді» деп айтқан, ал, ол келмепті. Кішкентай баланы тыныштандырып, апайының кім екенін сұрадым. Ішке кіріп, апайына айтып, ата-анасына хабарластық. Олар жұмыста болуы себепті келе алмайтындарын, үйге апарсам кәрі әжесі күтіп алатынын айтты. Менің үйге қайтар жолыма теріс болып тұрса да баланы үйіне апарып тастауға бел будым. Мектептен алыстау тұрады екен. Бірақ екеуміз жол-жөнекей әңгімелесіп, тез жеттік. Алдымыздан уайымдап тұрған әжесі шықты. Маған алғысын жаудырып, рақметін айтты. Сол кезде шаршағанымды ұмытып, маркайып қалдым. Бұл ісім дұрыс болғанына көзім жетті. Әрқашан өзімізден кішілерге қамқор болайық, достар!

Нұргиса ҚАДЫРБЕК,  
№86 жалпы орта мектебінің  
8-сынып оқушысы.

Материалдар мен видеороликтер төмендегі ватсап нөміріне жолдануы тиіс.

8 707 944 11 22 Тастанбек Аяулым



*Мазмұны*

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.  
Айына бір рет шығады.

**ЕСЕН Б.А.**  
Біртұтас тәрбие: Алаш азаматтарын ұлықтау айы.....1

**МИРАЗОВА А.**  
Тәрбие – тал бесіктен.....2

**НАУХАНОВА Н.И.**  
Бабалар дәстүрін жандандыру – біздің басты парызымыз.....5

**ТАУҚЫЗЫ А.**  
Ботагөздің бұйымдары.....6

**САТЫБАЛДИЕВ А. С.**  
Ерекше білімді қажет ететін балалардың білім беру ортасын құру.....8

**САДИРОВА А. М.**  
Логопедиялық ырғақтың даму тарихы мен қазіргі идеялары.....10

**КУШЕГАЛИНА А. М.**  
Тыйым сөздердің тәрбиелік мәні.....12

**ОРЫНБАСАРОВА Г. Ж.**  
Ж.Аймауытовтың Шымкент қаласындағы педагогикалық қызметі....13

**ТҰРСЫНБАЕВА А. Р.**  
Құт қонған, бақ дарыған киелі мекен – Түркібасы.....14

**ИГИБАЕВА А.М.**  
Ұлттық тәрбие – рухани құндылығымыз.....15

**ЖУНИСОВА Н.Д.**  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру – болашағымыздың кепілі.....17

**КОЖАБЕКОВА Г. К.**  
Ұлы дала перзентімін.....18

**ШЕРТАЕВА З.Н.**  
Денсаулықтың 6 шарты:таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу.....20

**ҚАДЫРАЛИЕВ Е. Қ.**  
География ғылымының дамуы.....22

**ЕРЕЖЕП А. Б.**  
Табиғи бірлестіктің қандай түрлері болады?.....24

**ИСМАИЛОВА Ш. К.**  
Кел, қайталайық!.....25

**ИБРАГИМОВА Д. Н.**  
Пластикалық пішіндер өнері. Мүсін өнері.....27

**ЕГЕУБАЕВА М. С.**  
Тоқыма материалдарынан бұйым дайындау.....29

**СҰЛУБЕКОВА А.**  
Адамның адамшылдығы – жақсы ұстаздан.....30

**МАХМИДДИН А.**  
Дербес компьютермен жұмыс істеу.....31

**ТАСТАНБЕК А.**  
«Тоғызқұмалақтың болашағына сенемін».....32

**Дарынды бала-ұлт мақтанышы.....34**

**Челлендж! Жақсылық жаса, жас ұрпақ! .....36**

**Бас редактор:**  
ЕСЕН Бахытқұл Артыққызы

**Шығармашылық директор:**  
БЕКЗАТ Рүстем

**Бас редактордың орынбасары:**  
БИҒАРАЕВ Жарқынбек

**Тілші:**  
УСИПОВА Жанна  
ТАСТАНБЕК Аяулым

**Дизайнер:**  
АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және Даму Министрлігі  
Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат  
комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871  
Редакцияға келіп түскен  
автордың мақалалары редакцияның  
көзқарасын білдірмейді.  
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.  
Кейбір суреттер мен мәліметтер  
интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.  
Журнал 2023 жылы 22 қыркүйек  
ЖК “Шың” баспаханасында  
басылып шықты.

Мекен-жайымыз:  
Қазақстан Республикасы,  
Шымкент қаласы,  
Ғ.Орманов көшесі 10/1

Байланыс телефондары:  
+7 (7252) 77 20 10  
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,  
+7 778 625 20 78

эл.пошта: [bilimshini.kz@mail.ru](mailto:bilimshini.kz@mail.ru)  
сайт: [www.bilimshini.kz](http://www.bilimshini.kz)

Тапсырыс: №370  
Таралымы: 5070



# ШЫҢ

## БАСПАХАНАСЫ

Кітап

Стендтер

Плакат

Кітапшалар

Визитка

Баннер

Диплом

Маңдайшалар

Портфолио

Журналдар

Брошюра

Бланк

Афиша

Буклеттер

Календарь

Құттықтаулар

Шақырулар

Сапалы әрі арзан бағада

*Мектеп  
билмелерін  
безендіру*

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;  
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16  
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1  
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru



## БАСПАСӨЗ-2024



# БІЛІМ ШЫҢЫ-

## ҒЫЛЫМ СЫРЫ

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы  
3765 теңге 60 тиын

“Ер-нұр” пресс арқылы  
3966 теңге 00 тиын

Жазылу индексі: 74871

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1  
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 778 625 20 78